Абсолюттік салмақ өсімі, кг	8,85	5,75
Орташа тәуліктік салмақ өсімі,г	73,75	47,92
12 айлық жасы		
Тірілей салмағы, кг	59,3±0,24	45,4± 0,18
Абсолюттік салмақ өсімі, кг	16,80	14,15
Орташа тәуліктік салмақ өсімі,г	60,00	47,2

Әдебиеттер

1. Сабденов К.С., Махатов Б.М., Нуржанова К.Х., Бурамбаева Н.Б. Современная технология производства продуктов овцеводства.-Алматы: Айтұмар, 2015. – Б. 220-228.
2. Садықұлов, Т.С. Мал өсіру және селекция: оқулық / Т.С. Садықұлов, Т.К. Бексейітов. – Алматы: Дәуір, 2011. – Б.102-110.
3. Нұрғазы, Қ.Ш. Мал шаруашылығы: оқулық. – Алматы, 2012 – Б. 44-50.
- 4.Астафьева, Е.Е. Микроядерный тест у Бирликского и Суондукского типов Эдильбаевской породы овцы / Астафьева Е.Е., Глазко Т.Т., Юлдашев Ю.А., Кушнир А.В. // Известия Тимирязевской сельскохозяйственной академии. – 2011. – № 5. – С. 156 – 160.

ӘОЖ: 636.2.033

К.Х. Нуржанова¹, Ж.М. Нуржуманова¹, М.Б. Ребезов²

¹«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, aza938@yandex.ru, zhanat1970s@mail.ru

²Федеральный научный центр пищевых систем им. В.М. Горбатова РАН, Ресей, Мәскеу қ., rebezov@ya.ru

БУДАН ТӨЛДЕРДІҢ (ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС x АБЕРДИН-АНГУС) ӨСП-ЖЕТІЛУІ

Будандастыру малдың тұқым қуалаушылық және өзгеріштік қасиеттеріне күшті әсер ететін, адам баласының ежелден қолданып келген тәсілі. Будандастыру малдың тұқым қуалаушылық қасиеттерін түбегейлі өзгерте алады, жаңа комбинативтік өзгергіштікті туғызып, нәсілдік қасиетті биологиялық байытады және гетерозис құбылысын пайдалануға қолайлы жағдай туғызады [1].

ШҚО Жарма ауданы «Шалабай» ЖШС абердин-ангус тұқымына жататын аталықтар мен қазақтың ақбас тұқымы аналықтар будандастырылып төл алынды. Зерттеу жұмысымыздың міндетінің бірі таза тұқымды қазақтың ақбас және абердин-ангус тұқым төлдері мен екі тұқымды будандастыру нәтижесінде алынған будан төлдердің өсу және даму көрсеткіштерін салыстыру.

Бұзаудың өсіріп-жетілдіруінің әрбір кезеңдегі ерекшелігін, олардың сыртқы орта жағдайына байланыстылығын білу, бұзауды бағып-күтуді, азықтандыруды дұрыс ұйымдастыру үшін қажет болады.

Төлдердің салмағын туылған кезінде, кейіннен әр ай сайын өлшеп отырады. Дене салмағы көрсеткіштері негізінде өсу жылдамдығын анықтайды. Өсу жылдамдығы белгілі бір уақыт аралығыда тірілей салмағының өсуімен сипатталады. Өсу жылдамдығын сипаттауда әдетте орташа тәуліктік салмақ өсімі пайдаланады.

Төлдердің өсу жылдамдығының тек биологиялық мәні жоғары ғана емес, сонымен қатар ол шаруашылықта маңызды орын алады. Мәселен, төлдер өсімтал тұқымнан болса, бордақылаудағы малдарың орташа тәуліктік салмақ өсімі жоғары болатыны белгілі.

Төлдердің өсіп-жетілуін салмақ қосуымен және дене өлшемдерінің өсу шамасымен анықтайды. Өсудің болжалынған жылдамдығы, белгілі бір уақыт аралығындағы орташа салмақ өсімі, төлдердің салмағының артуы жайында мағлұмат береді. Өсу жылдамдығының шамасын белгілі бір уақыт аралығындағы салмағын бастапқы массасына бөліп, алынан нәтижесін 100-ге көбейту арқылы анықтайды.

Жануарлардың өсуі жасына байланысты өзгеріп отырады. Төлдердің өсу көрсеткіштері туылғаннан кейінгі бірнеше айларда жоғары болады, ал белгілі бір массаға жеткеннен кейін төмендейді, кейіннен салмақ қосуы тоқтайды. Осы ерекшеліктерді малдарды бордақылауды жоспарлаған жағдайда ескеру қажет [2].

Әдістемеге сәйкес төлдердің өсіп-жетілу динамикасы қарастырылды. Осы мақсатта таза тұқымды қазақтың ақбас сиыры мал тұқымына, абердин-ангус тұқымына жататын және олардың будандарына жататын аталық төлдер мен қашарлардан құралған тәжірибие топтары құрылды.

Зерттеу төлдердің туылған мерзімінен 15 айлық жасына дейінгі уақыт аралығында жүргізілді. Оған төлдің туғандағы, 3, 6, 8, 12 және 15 айлығындағы тірі салмақтары, шоқтық биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеуде тереңдігі, кеуде кеңдігі, кеуде орамы, құйымшақ биіктігі, сербек арасының ендігі және сирақ орамы сияқты негізгі өлшем көрсеткіштеріне арқылы анықталды. Алынған дене өлшемдеріне байланысты дене индекстері есептелінді.

Қазақтың ақбас тұқымы сиырларын абердин-ангус тұқымы бұқаларымен будандастыру жолымен алынған будан төлдерінің түсі абердин-ангус тұқымының түсіндей қара, қазақтың ақбас сиыры тұқым малын ікіндей басында, шоқтығында, кеу және қарын тұсында, аяғының төменгі жағыда ақ дақ белгілер бар.

1 кестеге сай будан бұқашықтардың туылғандағы салмағы қазақтың ақбас тұқымына жататын бұқашықтардың салмағынан 19,2 %, ал абердин ангус тұқымы төлдерінен 27,5 % жоғары болды.

«Шалабай» ЖШС төлдер енесінен 6-7 айлық жасында ажыратылады. Будан бұқашықтардың салмағы қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарынан 9,1 %, жоғары болса, абердин ангус тұқымы бұқашықтарынан 11,9 % жоғары болды.

12 айлық жасында бұл көрсеткіш қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарынан 7,8 %, ал абердин-ангус тұқымы бұқашықтарынан 11,7 % жоғары болды.

15 айлық жасында бұл көрсеткіш таза тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқым малына жаттын бұқашықтардан 7,1 % жоғары болса, абердин-ангус төлдерінен 10,6 % жоғары болды.

Будан ұрғашы төлдердің туылғандағы салмағы қазақтың ақбас тұқымы төлдерінен 15,5 %, ал абердин ангус тұқымына жататын ұрғашы төлдерінен 29,6 % жоғары болды.

Будан қашарлардың 6 айлық жасындағы тірілей салмағы қазақтың ақбас тұқымы қашарларынан 9,8 % жоғары болса, абердин ангус тұқымы қашарларынан 13,9 % жоғары болды.

12 айлық жасында будандар қазақтың ақбас тұқымы қашарларынан 15,4 %, ал абердин-ангус тұқымы қашарларынан 8,8 % жоғары болды.

15 айлық жасында будандар таза тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқым малына жататын қашалардан 10,9 % жоғары болса, абердин-ангус тұқымына жататын қашарлардың тірілей салмағынан 12,5 % жоғары болды.

Кесте 1 – Төлдердің тірідей салмақ көрсеткіштері, кг (n=12)

Жасы, ай	Жынысы					
	бұқашықтар			қашарлар		
	$X \pm m_x$	σ	C_v	$X \pm m_x$	σ	C_v
I топ						
0	28,1 ± 0,34	1,69	6,01	27,4 ± 0,31	1,45	5,29
3	89,8 ± 0,47	3,32	3,70	87,8 ± 0,34	1,72	1,96
6	180,3 ± 0,73	8,00	4,44	167,6 ± 0,49	3,58	2,14
8	221,3 ± 0,96	13,71	6,19	208,6 ± 0,79	9,34	4,48
12	317,8 ± 0,63	5,86	1,84	282,3 ± 0,86	8,39	3,20
15	389,5 ± 0,81	9,96	2,56	321,3 ± 0,48	3,51	1,09
II топ						
0	22,9 ± 0,34	1,73	7,55	21,4 ± 0,36	1,96	9,16
3	81,3 ± 0,45	3,09	3,80	75,5 ± 0,44	2,97	3,93
6	174,5 ± 0,44	2,44	1,40	152,4 ± 0,56	4,70	3,08
8	212,7 ± 0,54	4,42	2,08	199,5 ± 0,67	6,75	3,38
12	304,4 ± 0,59	5,34	1,75	263,6 ± 0,76	8,76	3,32
15	372,5 ± 0,81	9,78	2,61	311,8 ± 0,62	6,18	1,89
III топ						
0	38,5 ± 0,59	2,29	5,95	36,1 ± 0,59	2,31	6,39
3	111,5 ± 0,25	0,91	0,82	99,9 ± 0,66	6,52	6,53
6	200,9 ± 0,44	2,97	1,48	180,5 ± 0,63	5,91	3,37
8	240,4 ± 0,89	11,78	4,90	220,6 ± 0,69	7,30	3,31
12	344,6 ± 1,08	17,79	5,16	309,6 ± 0,43	2,71	0,88
15	419,2 ± 2,73	10,59	2,53	360,6 ± 1,02	15,54	4,31

Белгілі бір уақыт аралығында жануарлардың интенсивті салмақ өсімін, сонымен қатар тез жетілгіштігін-сойыс кондициясына жететін жасын орташа тәуліктік салмақ өсімі арқылы көруге болады.

2 кестеге сай барлық 3 топта да орташа тәуліктік салмақ өсімінің жоғары көрсеткіші туылғаннан 6 айлық жасына дейінгі аралықта байқалады.

Кесте 2 – Төлдердің абсолюттік және орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері

Жасы, ай	Жынысы			
	бұқашықтар		қашарлар	
	(n=12)		(n=12)	
	абсолюттік салмақ өсімі, кг	орташа тәуліктік қосымша салмақ, г	абсолюттік салмақ өсімі, кг	орташа тәуліктік қосымша салмақ, г
I топ				
0-3	61,7 ± 0,46	685,3 ± 1,51	60,4 ± 0,13	671,2 ± 1,18
0-6	152,1 ± 0,74	845,3 ± 1,73	140,2 ± 0,48	778,9 ± 1,14
0-15	361,3 ± 0,67	803,1 ± 0,99	293,9 ± 0,47	651,5 ± 0,69
6-15	209,2 ± 0,89	774,7 ± 1,72	153,7 ± 0,59	569,1 ± 1,14
II топ				
0-3	60,3 ± 0,49	669,5 ± 1,44	54,1 ± 0,51	600,7 ± 1,71
0-6	151,7 ± 0,46	842,7 ± 1,09	130,9 ± 0,51	727,7 ± 1,19
0-15	352,1 ± 0,82	782,3 ± 1,22	290,4 ± 0,70	645,4 ± 0,98
6-15	208,5 ± 1,69	772,3 ± 3,2	159,4 ± 0,76	590,4 ± 1,46
III топ (будан төлдер)				
0-3	73,1 ± 0,52	817,7 ± 1,67	58,3 ± 2,58	709,7 ± 2,29
0-6	156,3 ± 1,32	902,6 ± 2,01	144,4 ± 0,70	797,7 ± 1,56
0-15	380,7 ± 0,85	846,1 ± 1,27	324,5 ± 0,99	721,3 ± 1,43
6-15	218,3 ± 1,03	808,3 ± 1,98	180,1 ± 1,12	667,1 ± 2,16

Будан төлдерде бұл көрсеткіш таза тұқымды төлдермен салыстырғанда жоғары, яғни, қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарымен салыстығанда 6,3 %, ал абердин-ангус тұқымына жататын бұқашықтардан 6,6 % жоғары болып, 902,6 г құраса, абсолюттік салмақ көрсеткіштері бойынша қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарынан 2,7 %, ал абердин-ангус бұқашықтарынан 2,9 % жоғары болды.

6 айлық жасынан 15 айлық жасына дейінгі аралықта бұқашықтардың орташа тәуліктік салмақ өсімі келесідей болды. Будан төлдердің орташа тәуліктік салмақ өсімі қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарымен салыстырғанда 4,1, %, ал абердин-ангус бұқашықтарынан 4,4 % жоғары болды.

Зерттеудегі қашарлардың да орташа тәуліктік салмақ өсімінің жоғары көрсеткіші туылғаннан 6 айлық жасына дейінгі аралықта байқалады.

Будан ұрғашы төлдерде бұл көрсеткіш таза тұқымды төлдермен салыстырғанда жоғары, яғни, қазақтың ақбас тұқымы қашарларымен салыстығанда 2,4 %, ал абердин-ангус тұқымына жататын қашарлардан 8,8 % жоғары болды, абсолюттік салмақ көрсеткіштері бойынша қазақтың ақбас тұқымы қашарлардан 2,9 %, ал абердин-ангус бұқашықтардан сәйкесінше 9,3% жоғары болды.

Ал енесінен айырғаннан кейін (6 ай) 15 айлық жасына дейінгі аралықта будан төлдердің орташа тәуліктік салмақ өсімі қазақтың ақбас тұқымы қашарларымен салыстырғанда 14,6 % және ал абердин-ангус тұқымына жататын қашарлардың орташа тәуліктік салмақ өсімінен 11,5 % жоғары болды.

Малдың өсуі туралы толық мағлұматты тек оның салмағының өзгеруі негізінде алмайды, себебі өсіп келе жатқан ағза өз көлемін ұлғайтса да, қоректің уақытша жетіспеуі оның салмағы ешбір өзгеріссіз қалады.

Осыдан басқа малдың өсу процесінде оның дене бітімі өзгереді, оның өзі осылайша оның тірі салмағында байқалмайды.

Сондықтан малдың өсуін талқылауда оларды жүйелі түрде салмағын өлшеп қана қоймай, сонымен қатар дене бітімін өлшеу де қажет.

Бұқашықтардың 12 айлығы кезінде дене бітімінің жетілуін, яғни экстерьерлік ерекшеліктерін бақылау үшін дене өлшемдері алынды. Алынған мәліметтер төменгі 3 - кестеде көрсетілген.

3 кестеге сай жас төлдердің өсуі барысында 12 айлық жасында кеуде дамуымен дене бітімінің жетілуі айқын байқалады. Жас ерекшелігіне байланысты 12 айлық жасына жеткен кезде төлдердің бойының өсу қарқындылығы біртіндеп бәсеңдеп, еттік формаларының қалыптасына байланысты көлемі мен ені көлемінің ұлғайған.

Малдың сыртқы пішінін дене өлшемдері арқылы сипаттау үшін тұлғасының индесін анықтаудың маңызы зор. Дене мүшелерінің жеке өлшемдері олардың бір-біріне сәйкестігін, мал тұлғасының келісетіндігін дәл сипаттай алмайды. Осы жетіспеушілікті тұлға индексі толықтырады.

4 кестеде сай будан бұқашықтардың кеуделілігі қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарының сирақтылық индексінен 2,6 %, абердин-ангус бұқашықтарынан 15,4 %, дене еңселілігі сәйкесінше 0,4 % және 2,1 % төмен болды. 12 айлық будан төлдердің дене жұмырлығы индексі қазақтың ақбас тұқымы төлдерінен 2,3 %, абердин-ангус тұқымы төлдерінен салыстырғанда 10,6 % жоғары болды.

Кесте 3 – зерттеудегі 12 айлық бұқашықтардың дене өлшемдерінің көрсеткіштері, см (n=8)

Дене өлшемдері көрсеткіштері	$X \pm m_x$	σ	C_v
I топ			
шоқтығының биіктігі	117,9 ± 2,57	7,25	6,15
құйымшағының биіктігі	119,9 ± 2,81	7,92	6,61
кеудесінің тереңдігі	60,8 ± 2,14	6,03	9,92
кеудесінің ендігі	35,8 ± 0,85	2,40	6,70
сербек аралық ендігі	40,3 ± 0,98	2,76	6,85
кеудесінің орамы	161,1 ± 3,63	10,25	6,36
тұрқының қиғаш ұзындығы	125,4 ± 2,87	8,08	6,44
жілінішігінің орамы	18,5 ± 0,45	1,28	6,92
II топ			
шоқтығының биіктігі	115,6 ± 0,87	12,6	2,4
құйымшағының биіктігі	117,8 ± 0,78	7,35	2,1
кеудесінің тереңдігі	52,6 ± 0,83	3,44	2,8
кеудесінің ендігі	35,1 ± 1,14	2,05	9,3
сербек аралық ендігі	36,2 ± 0,81	2,29	7,7
кеудесінің орамы	131,4 ± 0,98	8,23	2,5
тұрқының қиғаш ұзындығы	126,3 ± 1,16	9,27	2,8
жілінішігінің орамы	17,6 ± 0,38	1,07	2,7
III топ			
шоқтығының биіктігі	128,8 ± 0,7	1,8	1,6
құйымшағының биіктігі	130,7 ± 0,7	1,7	1,4
кеудесінің тереңдігі	69,3 ± 0,7	1,8	2,8
кеудесінің ендігі	38,8 ± 0,9	2,3	6,3
сербек аралық ендігі	43,5 ± 0,9	2,4	5,8
кеудесінің орамы	176,4 ± 0,6	1,7	1,1
тұрқының қиғаш ұзындығы	136,9 ± 1,	3,2	2,2
жілінішігінің орамы	20,4 ± 0,5	1,6	7,2

Кесте 4 – Зерттеудегі 12 айлық бұқашықтардың дене бітімінің индекс көрсеткіштері, % (n=8)

Дене бітімінің индексі	I топ	II топ	III топ
	$X \pm m_x$	$X \pm m_x$	$X \pm m_x$
сирақтығы	48,6	52,9	46,3
тұрқы сипаты	106,5	113,4	106,1
кеуделілігі	57,9	66,7	56,4
дене еңселігі	101,9	103,7	101,5
дене жұмырлығы	128,9	117,8	131,9
сүйектілігі	15,1	15,8	15,7

Әдебиеттер

1. Нұрғазы, Қ.Ш. Мал шаруашылығы практикум: оқулық / Қ.Ш. Нұрғазы. – Алматы: Нур-Принт, 2011. – 365 б.
2. Тореханов, А.А. Ірі қара шаруашылығындағы қазіргі заманғы аспектілері / А.А. Тореханов, К.Н. Бегембеков, А.А. Баккожаев. – Астана, 2013 – 203 б.

К.Х. Нуржанова, К.К. Хисамутдинова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, aza938@yandex.ru,
kamilya.khisamutdinova@bk.ru

ӘР ТҮРЛІ КОНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ӨНІМДІЛІК ТИПТЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Етті-майлы бағыттағы қойды өсірудегі негізгі мақсат өзіндік құны төмен ұша салмағымен туылған жылы сойғанда 16-18 кг кем емес жас қой етін өндіру болып табылады. Сондықтан етті-майлы қой шаруашылығында селекция қозылардың тез жетілгіштігіне және табиғи жайылым жағдайында жайылғыштық қасиетін, яғни малдардың етті-майлы қасиетін жоғарылатуға бағытталуы тиіс [1-3].

Зерттеу жұмысы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы «Серік» шаруа қожалығында жүргізілді. Алынған ұрпақ туған кезінде нәзік болады, сондықтан дұрыс күтім қажет. Жаңа туған қозының тірілей салмағы 3,5-4,1 кг аралығында, бұл өз қатарында өте жақсы көрсеткіш. Алғашқы күндері тек енесінің сүтімен азықтанатын қозының салмақ қосуы аналық саулықтың сүттілігіне тікелей байланысты болады, осыған байланысты аналықтарды қосымша концентраттармен азықтандырады, ал жас төлді өмірінің 10-15 күнінен бастап басқа азық түрлеріне үйретеді, мысалы, табиғи шөп. 30 күндік өміріне дейін қозылар өте тез өседі, осы уақытта олар өз салмағынан 3,5-4 есе артық салмақ қосады, сөйтіп 12-13 кг-ға жетеді.

Қозылар енесінен айырғанға дейін күтімді қажет етеді, әсіресе өмірінің алғашқы 1-1,5 айлығында; осы мерзімде олардың азықтануын қадағалау керек, организмнің өсу динамикасына бақылау жасалынады. Нәтижесінде қозылар аналарынан бөлгенде өз салмағынан 9-10 есе артық салмақ қосады, 34-39 кг-ға дейін барады.

Зерттеуге жұмыстарына тандап алынған қозылар келесідей сұраныс бойынша алынды:

- 1) денсаулығы жақсы;
- 2) бүкіл конституционалдық және экстерьерлік көрсеткіштері стандартқа сай болу;
- 3) ең бастысы, туған қозылардың ата-енелерінің конституционалдық өнімділік типінің көрсеткіштері бір-бірінен айырмашылық болу керек; егер де бұл критерий ескерілмесе тәжірибе өз мәнін жоғалтады. Себебі, зерттелетін бір топ қозылар ата-енелері мықты конституционалдық типке, екінші топ – тығыз конституционалдық типке жататындарынан таңдалды. Біз төлге тұқым қасиетінің заңдылықтары бойынша ата-енелерінің конституционалдық типі және оның ет өнімділігіне қандай әсер ететінін зерттедік.

Зерттеу жұмыстарына конституционалдық өнімділік типке қарай 4 топ құралды. Әр топта 20 бас қозы болды. Қозыларды туғанда және енесінен айырғандағы мерзіміндегі тірі салмағы, орташа тәуліктік салмақ қосуы және абсолютті салмақ қосу көрсеткіштері ескерілді. Сонымен қоса дене өлшемдері де алынды.

1 – кестеде берілген мәліметтерге сүйене отырып жаңа туған қозылардың орташа салмағы мен дене өлшемдерінің орташа көрсеткіштері анықталды.

1 – кестеде алынған тірі салмағы мен дене өлшемдеріне назар аударсақ қозылар ірі екеніне көз жеткізуге болады. Шоқтық және құйымшақ биіктігі, дененің қиғаш ұзындығы сияқты көрсеткіштер 4-айлық жасына дейін интенсивті өседі. Зерттеуге алынған қозылардың перифериялық қаңқасы жақсы дамыған, сондықтан олар ұзынаяқты болып келеді.

Зерттеу жұмысы кезінде қозылар және олардың еселеріне шамадан тыс күтім, азықтандыру және басқа да көмек көрсетілген жоқ, олар қалыпты шаруашылық «тынысымен» дамыды. Нәтижесінде жалпы шаруашылық үшін пайдалы ақпарат алынды.

Кесте 1 – Жаңа туған қозылардың тірі салмағы мен дене өлшемдерінің орташа көрсеткіштері

Жынысы	пп	Конституционалдық типі	Тірі салмағы, кг	Дене өлшемдері				
				шоқтық биіктігі, см	құйымшақ биіктігі, см	дененің қиғаш ұзындығы, см	кеуде орамы, см	сирақ орамы, см
еркек	20	тығыз	3,8	40,8	41,0	28,0	38,0	6,0
	20	мықты	4,1	41,0	41,4	29,1	38,5	6,5
ұрғашы	20	тығыз	3,16	39,0	39,5	26,6	36,3	5,6
	20	мықты	3,76	39,0	39,8	26,8	37,3	6,0

Туғаннан кейінгі қозылардың алғашқы өлшеуі 30 күндік жасында өткізілді. Әрбір қозыдан салмақ және дене өлшемдерінің көрсеткіштері алынып, оларды бір-бірімен салыстырдым, 60 күндік қозылардың өлшеуін жүргіздік (2 – кесте).

Кесте 2 – Қозылардың жасына қарай тірі салмағының өзгеруі

Жасы, күн	Тірі салмағы, кг				Салмақ қосуы, кг							
					орташа тәуліктік				абсолюттік			
	еркек		ұрғашы		еркек		ұрғашы		еркек		ұрғашы	
	тығыз конституционалдық типі	мықты конституционалдық типі	тығыз конституционалдық типі	мықты конституционалдық типі	тығыз конституционалдық типі	мықты конституционалдық типі	тығыз конституционалдық типі	мықты конституционалдық типі	тығыз конституционалдық типі	мықты конституционалдық типі	тығыз конституционалдық типі	мықты конституционалдық типі
30	12,25	13,35	11,1	12,2	0,250	0,31	0,27	0,28	7,5	9,4	7,94	8,44
60	19,4	22,35	18,1	20,7	0,238	0,29	0,23	0,28	15,6	18,25	14,94	16,93

Өмірінің алғашқы кезеңдерінде тез жетілгіштігімен сипатталатын құйрықты қойлар қозыларының салмақ қосу көрсеткіштері де орташадан жоғары болып келеді. Мысалы, орташа тәуліктік салмақ қосуы 0,250-0,281 кг аралығында, егер осындай көрсеткіштерді сақтап қалсақ, онда ежелерінен айырғанда тірілей салмағы өте жоғары қозылар аламыз.

Салмағымен қоса қозылардың дене өлшемдері де айтарлықтай өзгеріске ұшырады (3 – кесте).

3-кестеде берілген мәліметтерден мықты конституционалдық типте туған қозылар салмағы мен дене өлшемдері әрқашан артық екенін көруге болады. Барлық төлге бірдей жағдай жасалынып, күтім ешбір топқа ерекше жүргізілен жоқ, сонда осындай айырмашылық қандай фактор әсерінен туып отыр деген сауал туады.

Кесте 3 – Қозылардың жасына қарай дене өлшемдерінің өзгеруі

Жынысы	Конституционалдық типі	n	Дене өлшемдері				
			шоқтық биіктігі, см	құйымшақ биіктігі, см	дененің қиғаш ұзындығы, см	кеуде орамы, см	сирақ орамы, см
30-күндік жасында							
еркек	тығыз	20	52,6	52,8	44,5	52,0	7,1
	мықты	20	53,5	54,0	47,4	54,0	7,1
ұрғашы	тығыз	20	50,3	51,0	43,3	50,4	6,9
	мықты	20	51,0	53,5	46,0	51,0	7,0
60 – күндік жасында							
еркек	тығыз	18	60,0	62,0	54,1	60,1	7,6
	мықты	19	62,0	62,3	55,4	61,0	7,8
ұрғашы	тығыз	18	55,6	56,8	52,3	58,0	7,4
	мықты	18	56,0	57,0	52,4	59,0	7,5

Осыған байланысты әр түрлі конституционалдық типте туған қозылар жасына қарай өлшемдері алынған уақытта қандай жағдайда болғанын анықтадым.

3-кестеде көрсетілген мәліметтерден көретін болсақ, тығыз конституционалдық типте туған қозылардың орташа тәуліктік салмақ қосуы 30 – күндік жасында 0,250-0,266 кг, 60 – күндік жасында – 0,238-0,233 кг. Ал, енді осы көрсеткіштерді мықты конституционалдық типте туған қозылардың салмағымен салыстырайық. 30 – күндік жасында 0,285-0,313 кг, ал 60 – күндік жасында 0,283-0,295 кг аралығында.

Салыстырмалы түрде мықты конституционалдық типтегі қозылардың орташа тәуліктік салмақ қосуы артығырақ.

Бірақ байқап тұрғанымыздай өсе келе екі жағдайда да салмақ қосуы төмендейді, авторлар айтуынша бұл осы тұқым қойларының физиологиялық заңдылығы болып келеді.

Осыдан кейін тағы да бір рет және соңғы рет тірі салмағы мен дене өлшемдері алынды. Ол қозыларды ежелерінен айыратын уақытта, 4-4,5 айлығында. Көктемгі мерзімде туған қозылар жаз маусымының соңына келіп түсті, осы мерзімде қозылар арасында бонитировка жүргізіліп, жоғары көрсеткіштерге ие болғандарды таңдап алып, тұқым алмастыру немесе отар жаңқарту үшін, ал қалғанын тірілей ет күйінде сатуға даярлайды.

Осы мерзімде олардың осу динамикасы төмендейді, бірақ еттің сапалық және дәмдік қасиеттері өте жоғары сапалы болып келеді.

Өсу динамикасы төмендеуіне байланысты, салмақ қосу жылдамдығы да баяулайды (4 – кесте).

4-кестеден көріп тұрғанымыздай орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері бойынша қуып жеткенімен, тығыз конституционалдық типті қозының тірілей салмағы орта есеппен 3 кг шамасында төмен болады.

Алынған мәліметтерге сүйене отырып біз жас төл өмірінің туған кезінен бастап, 60-күндік жасына дейін ең жоғары салмақ қосу дәрежесін көрсететініне көз жеткізіп отырмыз. Яғни осы мерзімде төл мен енесіне дұрыс күтім қажет.

Кесте 4 – Енесінен айырған уақыттағы мықты және тығыз конституционалдық типті туған қозылардың тірілей салмағы мен дене өлшемдері

Жынысы		Конституционалдық типі	Тірілей салмағы	Салмақ қосуы, кг		Дене өлшемдері				
				орташа тәуліктік	абсолюттік	шоқтық биіктігі, см.	құйымшақ биіктігі, см.	дененің қиғаш ұзындығы, см	кеуде орамы, см	сирақ орамы, см.
еркек	18	тығыз	30,0	0,185	26,7	64,0	64,0	61	68,2	8
	18	мықты	33,6	0,188	29,53	66,6	66,8	63	72,1	8,2
ұрғашы	17	тығыз	28,1	0,166	24,9	63,2	63,0	55,8	63,0	7,2
	18	мықты	31,2	0,176	27,49	64,0	63,4	56,0	64,0	7,5

Әдебиеттер

1. Бегімбеков, Қ.Н. Мал селекциясы. Практикум / Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә. – Алматы: ТОО «Нур-Принт», 2013. – 180 б.
2. Суллер, И.Л. Селекционно-генетические методы в животноводстве: учебное пособие / И.Л. Суллер. – СПб.: Проспект Науки, 2010. – 160 с.
3. Кубатбеков, Т.С. Продуктивные качества баранчиков разных генотипов / Кубатбеков Т.С., Мамаев С.Ш., Галиева З.А. – Известия Оренбургского гос. аграрн. университета. – 2014. – No 2. – P. 138-140.

ӘОЖ: 636.9

К.Р. Сатиева, Ф.С. Насыров, А.Т. Тулеубекова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, k.satiewa@yandex.ru

«КАТОН-ҚАРАҒАЙ» МАРАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ «АЛАТАУ МАРАЛЫ» ЖШС МАРАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА МЕКЕН ЕТЕТІН МАРАЛДАРДЫҢ КӘСІПТІК МАҢЫЗЫ

Қазақстан ірі ауыл шаруашылық-өндірістік республика. Оның географиялық орналасу жағдайы шаруашылықтың барлық саласын дамытуға қолайлы. Табиғи жайылымдардың кең көлемін иеленіп отырғандықтан республика мал шаруашылығының барлық түрін, оның ішінде бұғы, марал шаруашылықтарын жүргізуге зор мүмкіндігі бар.

Пантылық бұғы шаруашылығы – маралдар мен бұғыларды емдік дәрі – дәрмек алу мақсатында өсіру – бүгінгі күнге дейін халықтық – шаруашылық және әлеуметтік маңыздылығын жойған емес.

Маралдардың өнімділігі мен тұқымдық сапасын жетілдіруді қамтамасыз ететін биологиялық ерекшеліктерін және оның популяциясын, марал мүйізі және оның трофейлық аңшылықтағы маңызын зерттеуге бағытталған мәселелер өзекті болып табылады [1].

90-жылдардың басына қарай марал және бұғы саны бойынша Қазақстан Республикасы дүние жүзі бойынша 4-орын, ТМД елдері ішінде 2-орынға ие болса, панты өндірісі бойынша Ресей мен Қытайдан кейінгі орынға иеленді.

Пантадан алынатын шипалы және емдік дәрі – дәрмектер күшті реттеуші, әлдендіруші және адаптогенді қасиетіне орай тибеттік медицинада ғана емес, бүгінгі фармакологияда кең қолданыс тауып отыр.

Еліміздің шығыс - өңірінде негізі қаланып, шаруашылықтың ерекше саласына айналған шаруашылықтың негізгі ерекшеліктерін қарастыра отырып, оның тиімді шаруашылық белгілерін, маралдардың өнімділігі мен тұқымдық сапасын жетілдіруді қамтамасыз ететін биологиялық ерекшеліктерін және оның популяциясын, марал мүйізі және оның трофейлық аңшылықтағы маңызын зерттеуге бағытталған мәселелер өзекті болып табылады [2].

Марал шаруашылық саласының өзіндік белгілерін қарастыра отырып марал популяциясының таралуын, орман және аңшылық шаруашылығының бүгінгі таңдағы дамуын, пантаңың адам өміріндегі маңызы және Шығыс Қазақстан облысынан Іле Алатауындағы ЖШС «Алатау Маралы» марал шаруашылығына қоныстандырылған маралдардың кәсіптік маңызын зерттеу ғылыми жұмыстың басты мақсаты болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы маралдар басқа да ареал бөліктерінде сияқты таулы жануар болып табылады және таулы аймақтарда негізінен неғұрлым орманды рельефте кездеседі.

2002 жылы кәсіпкер Кеңес Муралинов Шығыс Қазақстан облысынан маралдарды Алматы облысына әкеліп, аймақтағы марал фермасын ашқан. Алматы облысындағы жалғыз марал фермасы «Алатау маралы» Қасымбек шатқалында 2000 метр биіктікте орналасқан.

Жануарлардың жаңа климаттық жағдайда көбеюі үшін ересек бұғыларды емес, 1-2 жастағы бұзауларды сатып алу керек. 90 маралдан тұратын алғашқы партия кәсіпкерге қымбатқа түсті – 2002 жылы бір жастағы аққұбаның бағасы шамамен 80-90 мың теңгені құрады. Маралды жаңа жағдайда мүмкіндігінше жайлы сезіну үшін кәсіпкер 300 гектар жер учаскесін ұзақ мерзімге (49 жылға) жалға алып, оны қоршаумен қоршап, жануарларды табиғи тіршілік ету орталарына мүмкіндігінше жақын жіберді. Бірақ тамақтану оңай болмады – асыл жануарға тән сияқты, маралдар қарапайым дала шөбін жемейді.

Қыста барлық маралдар табиғатта тіршілік етеді - олар орманда ұйықтайды, қоршалған аумақты аралап, шөп пен арпамен қоректенеді.

Жаңадан туған марал қозықаларының маңдай сүйектерінің беті тегіс, бірақ болашақта шығатын мүйіздердің орнындағы шашты жабыны мүйізге тән ойықтар түзеді.

Қозықалардың екі жасына қарай сүйекті төмпешіктер өсіп, диаметрі 3-4 см, ұзындығы 6-8 см сүйекті өсінділер өсіп шығады. Бұл өсінділер «пенька» деп аталады, олар болашақ мүйіздердің негізі болып табылады. Олар бастың терісімен бірдей терімен қапталады. 13-14 айында «пенька» терісі жұқарып, жыртылады да орнында жаңа біршама нәзік, қою қоңыр түсті тері түзіледі, беті ұсақ нәзік үлпекпен жабылады.

Маралдарда, сондай – ақ теңбіл бұғыларда жасы ұлғайған сайын мүйіздерінің массасы өзгеріп отырады. Маралдарда 2 жастан 6 жасқа дейін оның массасының өсуі 4 кг немесе 44% , 6 жастан 10 жасқа дейін 2кг (20%), 10 жастан 12 жасқа дейін 1,2кг (13%), 12 жастан жоғары мүйізділердің панталық өнімділігі төмендей бастайды.

Қан айналымының күшеюіне байланысты «пенька» терісі ісініп, оның астында шығатын мүйіздің ұрығы болып табылатын тығыз, жұмсақ төмпешік түзіледі. Төмпешіктер жылдам өсіп, үлпек жүнді терімен жабылған стержень түзеді. Бұл стерженьдер – маралдың бірінші мүйізі, сәйкесінше өсінділері жоқ «шпилька» деп аталады. 2-3 ай ішінде 40 см және одан да ұзын болып өседі, одан кейін ары қарай өсуі тоқтайды [3].

Кесте 1 – Жас бойынша панта өлшемдері мен массасының өзгеруі

Жасы, жыл	Маралдар.			Теңбіл бұғылар		
	баған ұзындығы, см	баған шеңбері, см	масса кг	баған ұзындығы, см	баған шеңбері, см	масса, кг
2	45	14	1,0	17	10	0,265
4	53	16	4,1	24	12	0,717
6	61	17	6,0	28	13	0,937
8	60	18	7,2	30	14	1,139
10	63	18	8,0	31	14	1,280
12	-	-	9,2	-	-	-
15	-	-	7,6	-	-	-

ШҚО –нда маралдарды өсіру ауылшаруашылында маралдарын өсіруі өзгеше жүреді. Жазда маралдар биік қоршалған (1,8-2,0 м) жайылымдарда ұсталынып, қыста – ашық аянда қыстауларда бағылады.

Марал жайылымын таңдауда негізінен қоршауды салатын орынның ерекше болуына назар аударылуы тиісті. Қоршауды саларда жер бедері, таза ағынды су, орманды және бұталы жерлер міндетті түрде ескеілуі қажет.

Сондықтан марал қоршауында оңтүстік және солтүстік беткейлері бар таулы, қыратты әртүрлі шөпке бай, ағынды таза су, орманды – бұталы жерлері болуы керек.

Маралдарды қыста ұстаудың, бағудың көп қиындығы жоқ, өйткені олар жылы қораны қажет етпейді. Маралдарды бұтақты жел ығында орналасқан, ашық жерлерде бағып күтеді. Маралдар бұндай қоршауларда жас мөлшеріне байланысты бөлініп ұсталады, әрбір қоршауда құнарлы жем және шөп беретін астаулар қойылады .



Сурет 1 – Мүйіздері кесуге дайындық алдындағы қоршаудағы маралдар



Сурет 2 – Кесілген мүйіздерді бірге жинау

Марал шаруашылығының негізгі өнімдері – қатпаған мүйіз – панты және төл өсіру. Сондықтан да мүйіз өнімін өсіру мен төл басын көбейтуге азықтандыру түрі мен деңгей сәйкес болуы тиіс. Ол үшін маралдар жоғарғы сапалы пішен, сүрлем, қажетті құнарлы жеммен және көк шөппен қамтамасыз етілуі қажет. Жоғарғы сапалы өнім алу үшін – орташа есеппен бір бас ересек маралға (бұғы) 1060 азық бірлігі болуы керек.

Марал шаруашылығының негізгі өнімі мүйіз алу, төл өсіру болғанымен (90%), қомысша өнімдер өндірумен де шұғылданады. Ет, тері өндірісі қосымша болғанымен көңіл бөлетін, пайда келтіретін салалардың бірі деп саналады.

Еркек бұғыларда алғашқы мүйіз өсу 13-14 айлығында болады. Бірақ өнімдік қасиетінің төмен болғандығына байланысты оны пайдаланбай, қып тастайды. Оларды марал өсірушілер

«қатты мүйізділер» деп атайды. Екі жастағы бұғылар «алғашқы мүйізділер» деп аталып, бірінші жылғыдапн мүйіз тармақтары көбейіп, мүйіз жуындай түседі. Мүйіздің ең көлмеді, сапалы болатыны 7-12 жас аралығындағы бұғыларды ұшырасады. Бұғылар бұл кезде орташа есеппен 6-7 кг – нан береді. Кейбір бұғылар 12-14 кг мүйіз берсе, марал шаруашылығының тарихында 16 кг мүйіз берген бұғылар да кездеседі. Бұғы мүйізін әлі қатпай, өсуіне жетпеген кезінде екісіп алады. Мүйіз бұл кезде өте жұмсақ, қатты соққы тисе сынғыш келеді. Бұғы мүйізінің іші қанға толы торлы ұлпалы мүшелерден тұрса, сыртқы – жылтыр, қою, сұр түсті, жұмсақ, терісі мамықпен қапталған [4].

Алтай өңірінен Алматы облысы «Алатау Маралы» ЖШС қоныстандырылған 90 бас маралдары 250 ге дейін көбейіп, 2020 жылы 362 бас маралға дейін жеткен. Олардың ішінде 159 аталық, 131 аналық және 72 жас төлдері бар. Есепке алынған мәліметтер негізінде Алматы облысында Алтай өңірінде қарағанда марал басының өсімін байқауға болады. Оған ықпал еткен шаралар: биотехникалық шаралармен қамтамасыз ету, броконьерлердің қаупінен сақтау, табиғат апаты мен жыртқыштардан қорғау жұмыстарын жүзеге асырып, бақылау жасау, және табиғи – климаттық жағдайы парасатты бұғы (марал) популяциясының тұрақтылығына қолайлы.

Маралдардың мүйіздері күрделі құрылымымен ерекшеленеді, бұғылардың 3-5 жас аралығындағы берген мүйіздерінің өнімділігі жоғары сапалы болады. Марал пантысынан құрғақ, ұнтақ, капсула, сусын түріндегі дәрі – дәрмектер жасауға үлкен бір жетістік болып табылады. Олардың адам организмне деген пайдасы өте зор болып келеді. Имундық жүйенің тиімділігі артады, жараның жазылуы жеделдейді, сүйек құрылымы тез қалпына келеді, интеллектуалды және физикалық жағдайы жақсарайды, жыныстық төзімділік артады және қартаю процесі баяулайды

Әдебиеттер

1. Бекенов.А. Қазақстанның бағалы аңдары және оларды қорғау: – Алматы: Бастау, 2010. – С.23-24.
2. Митюшев П.В. Об улучшении племенной работы в пантовом оленеводстве // Сборник статей по пантовому оленеводству. – Горно-Алтайск, 2008 – С. 73-103.
3. Филь В.И. Численность и распространение маралов в Казахстане / В. Филь. Алматы. Зоол.журнал – Вып. 10. 2015 – С. 552-557.
4. Электронный ресурс: <https://e-history.kz/ru/kazakhstanika/show/11623/>

УДК: 636.01

О.С. Султанов¹, Ж.З. Корабаев²

¹НАО «Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина», г. Нур-Султан, sultan53@mail.ru

²НАО «Университет имени Шакарима города Семей», zumabajkorabaev@gmail.com

БЕРЕЛЬСКИЕ КУРГАНЫ – ДРЕВНЕЙШИЙ ЦЕНТР ДОМЕСТИКАЦИИ ЛОШАДЕЙ

Берельские курганы – уникальный археологический памятник, насчитывающий более 70 погребально-поминальных сооружений (кургана), 30 из которых – самые крупные, в т.ч. с захоронением сакского князя, датируемый 4 веком до н.э. Высота самого большого из них 9 метров. Курганы расположены в Катон-Карагайском районе ВКО близ села Берель.

В археологическом словаре Матюшина Г.Н. написано: «Тайна курганов стала разгадываться только тогда, когда начались их научные раскопки. Обнаружили погребения, большей частью перекрытые бревенчатыми настилами. В погребениях найдены сосуды, украшения, черепа и целые скелеты лошадей, причем, судя по костям, для захоронения вместе с умершими людьми убивали иногда целые табуны лошадей» [1].

В этом плане захоронения лошадей, найденные в Берельских курганах представляет научный интерес в контексте происхождения и одомашнивания лошадей, отношении между человеком и лошадью, культа коня в далеком прошлом и т.д.

Впервые Берельский курган в 1865 году исследовал российский востоковед-тюрколог академик Василий Радлов [2]. Экспедиция раскопала богатейшее погребение сакского вождя, датируемое 367 годом до нашей эры. Около полусотни золотых украшений по сей день хранятся в Государственном Историческом музее в Москве.

С.С. Сорокин пишет: «В 1959 г. мною проведено исследование Большого Берельского кургана. Экспедиция была организована Ленинградским отделением Института археологии АН СССР по инициативе С.И. Руденко. Относительно устройства северной части могилы, в которой были погребены лошади, числом 16, ничего дополнительного к сказанному в отчётах В.В. Радлова, исследование 1959 года не дало» [3].

В 1997-1999 годах в Береле работала международная экспедиция под руководством, проф. З.С. Самашева и проф. А.П. Франкдора. Они обнаружили царское захоронение, которая датируется IV-III вв. до н.э. Сопогребение с человеком большого количества верховых коней, в ритуальном убранстве, безусловно, свидетельствует о его высоком социальном статусе.

Парадное снаряжение берельских лошадей изготовлено из мельхиора, бронзы, латуни, позолоты, натурального конского волоса. Все найденные изделия – от ювелирных украшений до конского снаряжения – сделаны из дерева, богато покрытого золотом. Находки, в том числе органический материал, одежда, утварь сохранились в прекрасном состоянии благодаря тому, что древние люди сооружали такие конструкции, при которых возникала искусственная мерзлота. В мерзлоте неплохо сохранились предметы, сопровождавшие в инобытие представителей высшей знати сакского кочевого общества – одежда, конское снаряжение и убранство из дерева, седла и ткани, деревянная посуда, изделия из кожи и войлока. В этом заключается уникальность подобных памятников.

Здесь следует отметить большой вклад казахстанских ученых З.С. Самашева, Г.А. Базарбаевой, Г.В. Джумабековой и др., так как ими в целях получения максимально возможной научной информации, исследования памятников проводились комплексно: в сотрудничестве археологов с палеоботаниками, мерзлотоведами, почвоведом, геологами, архитекторами, палеозоологами, этнографами, реставраторами, генетиками [4]. В этих находках нас интересует прежде всего вопросы, связанные с лошадьми. Некоторые результаты этих исследований приводятся ниже.

Курган № . К северу от усыпальницы лежали 13 принесенных в жертву полностью запряженных лошадей рыжей масти. Богатую упряжь, покрытую листовым золотом, оловом и медью в сочетании с кожей, украшали выполненные из дерева изображения животных и растительные мотивы. Среди других находок были четыре украшенных седла, изготовленных из кожи, шкур, ткани и войлока. В потусторонний мир усопших сопровождали только жеребцы, убивали их в соответствии с древними поминальными обрядами ударом чекана по голове. Мерзлота, антисептики и консервация обеспечили хорошую сохранность останков коней. На территории Казахстана впервые найдены захоронения лошадей в таком состоянии. Лошади взнузданы и оседланы – как будто для того, чтобы тут же сорваться с места и помочь своим хозяевам достичь иного мира. На головах берельских коней – поразительные маски орлов с рогами горных козлов. Эти животные, как известно, славились своей неутомимостью и стремительностью, умением взбираться на отвесные скалы. А орёл должен был унести души усопших в заоблачные дали, где, по представлению кочевников, находились «небесные пастбища».

Лошади были захоронены под перекрытием из берестяных полотнищ, в чередовании с ветками курильского чая. Животные были уложены в два яруса: в нижнем расположено 7 коней, в верхнем – 6; на брюхе, с подогнутыми ногами.

Ярусы с лошадьми были отделены друг от друга двумя чередующимися слоями бересты и курильского чая между ними. В черепахе одного животного сохранилось отверстие от удара чекана; плохая сохранность не позволила пока обнаружить следы удара на головах других лошадей. Лошади были взнузданы и оседланы, головы – украшены масками. Материалы берельских курганов позволяют реконструировать облик конского снаряжения племен, населявших регион в IV-III вв. до н.э. Упряжь представлена железными кольчатыми удилами и деревянными деталями конского снаряжения, оформленными в традициях скифского звериного стиля. Конское убранство выполнено из дерева с использованием различных приемов, сочетающих технику барельефа и скульптуры. Все эти изделия: бляхи, псалии, подвески, разделители ремней – украшались с лицевой стороны, покрывались золотой фольгой и оловом. Излюбленными приемами построения композиций у древних берельцев были принципы зеркальной симметрии и геральдической развертки. Выполненные подобным образом сюжеты, часто встречаются на разделителях ремней, окончания которых оформлены в виде противопоставленных изображений животных; на подвесках, украшавших ремни.

Седла, выявленные в кургане № 11, представляли собой подушки, набитые шерстью или травой, покрытые тканью красного цвета. Исследование природы волосных структур, в частности волос фетра попоны, показало, что у основной массы волос отсутствуют сердцевина и гранулы меланина. Отсутствие пигмента в составе волос позволяет предположить белую и, возможно, блестящую шерсть при жизни животных. Это возможное свидетельство существования в кочевой среде, по мнению специалистов, опыта длительной селекции. Коричневый цвет, наблюдаемый в настоящее время, может быть следствием воздействия условий внутри могильной ямы и или искусственной окраски.

У одной из лошадей, выделяющейся из всех золотисто-рыжей мастью, мумифицированные трупы остальных лошадей, с сохранившейся рыжей шерстью, также позволяют определить масть коней. Кроме того, сохранились мягкие ткани животных и содержимое желудков.

Уникальные условия сохранения берельских лошадей, позволили провести палинологический анализ содержимого их пищеварительного тракта и определить сезон захоронения, местную флору того времени. При отмывании содержимого пищеварительного тракта не было выявлено плодов и семян, пригодных для определения, но были обнаружены остатки хвоинок, фрагменты стеблей злаков, волокна луба. Изучив содержимое желудков, травы, которыми питались лошади, пришли к выводу, что они были привезены из разных мест и содержали эфирные масла, которые не дали мертвым лошадям разложиться. Сроки цветения алтайских растений, пыльца которых представлена в палинокомплексах, приходится на июнь-июль. По предварительному заключению палеоботаников, захоронение было произведено в этот отрезок времени.

Остеометрические исследования лошадей, обнаруженных в курганах № 11 и № 18, позволили дать предварительную характеристику животным. В частности, анализ всей зубной системы лошадей из кургана № 11 показывает их принадлежность к особям от 13 до 18 - 19 летнего возраста, лошадей из кургана № 18 – к лошадям 10-12 лет.

По классификации В.О. Витта берельские лошади из указанных курганов имеют высоту в холке от 136 до 144 см (курганы №11, 18) и от 144 до 152 см (курган №11), то есть относятся, соответственно, к средним по росту и рослым лошадям. Здесь можно привести аналогию с исследованиями известного археолога В.Ф.Зайберта, который на основании костных материалов одного коня из поселения Ботай (Северный Казахстан) делает вывод: «... прежде всего вызывает удивление большой рост жеребца – 144 см даже по современным понятиям он приближается к стандартам казахских жеребцов, а ведь в скифо-сарматское время в степях преобладали кони ростом 120-130 см в холке, а в лесах с конца I тысячелетия до н. э. до I тысячелетия н. э. – всего лишь 110-130 см» [5]. Тогда как рост Берельских лошадей достигает до 152 см, тем более данные получены не по отдельным костям, а по хорошо сохранившемуся мумифицированному трупу жеребца. В кургане №11 лошадей ростом от 144 до 152 см было примерно 10%.

Контрольный анализ биометрических данных показал, что по строению конечностей лошади из кургана №18 относятся к полутонконогим формам, а лошади кургана №11 – к полутонконогим и средненогим. А в исследованиях В.Ф. Зайберта, полученных на диалоговом вычислительном комплексе ДВК-2 пястных и плюсневых костей и первых фаланг, показал, что лошади Ботая по степени тонконогости, по росту в холке различны, а именно: средненогие составляют 42,3%, полутонконогие – 40,8%, полутолстоногие – 10% и толстоногие – 6,8% [5].

Многие анатомо-морфологические особенности строения (хорошо развитые элементы костей конечностей, рост, низконогость и т.д.) показывают большое сходство во внешнем облике берельских лошадей и лошадей казахской породы – жабы.

Осмотр внешности погребенных лошадей показал, что они были хорошей упитанности. Хорошо сохранились органы брюшной полости, толстые и тонкие отделы кишечника, сальник и пристеночный жир толщиной 6-7 см, кровеносные сосуды в мягких тканях, местами кожа, волосяной покров, гривы. При микроскопии мазков крови из обнаруженных при вскрытии венозных и артериальных сосудов лошадей, найдены эритроциты и лейкоциты крови, которые в морфологическом и тинкториальном отношении мало отличались от здоровых животных местной породы. В соответствии с классификацией, основную массу эритроцитов составили нормациты величиной 7,0-8,0 микрон.

Раскопки в сакральном месте Берель позволили сделать выводы о том, что постоянно кочующий народ не мог создавать потрясающие произведения искусства. Чтобы изготовить украшения или сбрую для коней, украшенную золотом, нужны другие условия. Ювелирные украшения тонкой работы, свидетельствуют о высоком уровне развития общества. Ученые предполагают, что оно имело смешанные признаки кочевой и оседлой культур. По соседству с кочевниками-скотоводами здесь обитали ремесленники, кузнецы, ювелиры и металлурги.

Несомненно то, что раскопки Берель, в частности исследования результатов в области раннего коневодства Казахстана, наличия материальных доказательств использования лошади для верховой езды будут весьма полезны для специалистов занимающиеся вопросами происхождения и одомашнивания лошадей, историей породного коневодства.

Находки курганов позволяют сделать вывод о том, что Берель является одним из центров древнейшей культуры коневодов, регионом одомашнивания лошадей. Доказательством этого являются результаты вышеприведенных исследований, наличие атрибутики упряжи лошади (артефакты и весь археологический контекст).

Как известно, domestикация лошади обусловила начало принципиально новой, высоко динамичной, по сравнению с пешей, конной коммуникации в истории человечества, подняв роль коня в мировой истории.

Вероятнее всего они считали лошадей домашним животным и провожая на загробный мир царских особ рядом с конями, хотели показать доверительные отношения между человеком и лошастью, незыблемость их совместного существования. Одним словом, найденные артефакты задают ученым вектор поиска, позволяют строить версии и продолжить работы в этом направлении.

Литература

1. Матюшин Г.Н. Археологический словарь. – М.: Просвещение: АО "Учеб. лит", 1996. – 304 с.: ил.
2. Радлов Василий Васильевич // Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / под ред. А. М. Прохорова – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1969.
3. Сорокин С.С. «Доследование Большого Берельского кургана». СГЭ. Вып. XXIII. Л.: 1962. С. 70-72. Архив ЛО ИА АН СССР.
4. Самашев З.С., Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С. Берельские курганы Казахского Алтая // Казахская культура: исследования и поиски. Сборник научных статей. Алматы., 2000. – С. 66-91.
5. Зайберт В.Ф. Так где впервые был одомашнен конь? // [http:// old.e-istory.kz](http://old.e-istory.kz)

Б.Ж. Кожебаев¹, Н Омаркожаұлы², А.М. Нусупов¹, А.Ж. Исмаилова²

¹НАО «Университет имени Шакарима города Семей», bolat_bek.67@mail.ru

²НАО «Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина», г.Нур-Султан

НЕТРАДИЦИОННЫЕ МИНЕРАЛЬНЫЕ ПОДКОРМКИ В КОРМЛЕНИИ МОЛОДНЯКА КРС

Введение. Высокая продуктивность молодняка крупного рогатого скота достигается при хорошо сбалансированном кормлении, когда потребность его в энергии, протеине, углеводах и минеральных веществах удовлетворяется полностью. Основным источником минеральных веществ остаются растительные корма, однако в них повсеместно наблюдается дефицит фосфора, не достаёт кальция, магния и других элементов. В последнее время в научно-хозяйственных опытах изучается действие разных доз природных минеральных добавок на продуктивность и качество продукции сельскохозяйственных животных и птицы. В наших опытах для восполнения рациона недостающими минеральными веществами, мы, использовали – природный минерал – цеолит.

Цеолитовая глина Митрофановского месторождений Восточно-Казахстанской области в своём составе не содержат токсических и радиоактивных веществ, не оказывают вредного действия на верхние дыхательные пути. Они служат хорошим наполнителем в составе премиксов и кормосмесей. Влияние на продуктивность молодняка крупного рогатого скота минеральных добавок в чистом виде и в комплексе с кормами животного происхождения актуально и имеет важное практическое значение.

Проведенные нами исследования, по изучению химического состава цеолитовой глины Митрофановского месторождения, показали на ее богатый состав, важными необходимыми для развития молодняка, а также для дойных коров минеральными веществами (табл. 1)

Хотелось бы особо отметить содержание кобальта (10,50 мг/кг), биологический эффект которого обусловлен главным образом, его присутствием в молекуле витамина В₁₂. В традиционных минеральных кормах, таких как мясо-костная мука, костная мука содержание кобальта колеблется в пределах 0,13 -0,18 мг.

Таблица 1 – Химический состав цеолита Митрофановского месторождения Восточно-Казахстанской области

№	Наименование показателей, единицы измерения	Фактический получено
1	Кальций, г/кг	22,12
2	Магний, г/кг	7,54
3	Фосфор, г/кг	1,44
4	Натрий, г/кг	4,37
5	Калий, г/кг	10,67
6	Железа, мг/кг	289,4
7	Кобальт, мг/кг	10,50
8	Свинец, мг/кг	22,30
9	Цинк, мг/кг	99,40
10	Медь, мг/кг	32,70

Благодаря богатому минеральному составу цеолитовая глина является хорошей полиминеральной кормовой добавкой к рационам всех сельскохозяйственных животных. Кроме того, установлено, что обладая уникальными химическими и физическими свойствами (буферными, адсорбционными, ионообменными) цеолитовая глина может быть использована для профилактики и лечения желудочно-кишечных заболеваний сельскохозяйственных животных, а также снижения кормовых стрессов, вызываемых сезонной сменой рационов.

Следующим этапом работы было скормливание цеолита молодняку крупного рогатого скота – откормочным бычкам с 6 до 12 месяцев. Опыты начали в июне месяце, для этого сформировали 4-е группы, где первая группа была контрольной, а остальные три, подопытными. Схема скормливания природного цеолита выглядела следующим образом: животным контрольной группы скормливали основной рацион хозяйства без добавления цеолита, в основной рацион бычков второй подопытной группы мы включали 1% природного цеолита от сухого вещества рациона, в третью группу скормливали основной рацион с включением 1,5% цеолита и четвертую группу мы включали 2% природного цеолита.

Характеризуя их кормление, следует отметить, что значительный удельный вес в рационах занимали концентрированные корма. Основу объемистых кормов составляли сено, сенаж из злаковых культур, силос кукурузный.

По содержанию основных питательных веществ в потребленных кормах животными, разницы не установлено. Вместе с тем, необходимо отметить некоторые особенности в минеральном питании. Уровень железа превышал допустимые нормы в контрольной группе в 2 раза, в опытных – в 5. Такая же закономерность отмечена и по количеству марганца, содержание которого было в контроле в пределах нормы, в опытных - превышало потребность в 1,5-2 раза. Вместе с тем в рационах контрольной группы был отмечен дефицит меди, цинка и кобальта, как в молочный период, так и при кормлении животных старшего возраста. В опытных группах недостаток этих элементов компенсировался цеолитом.

На фоне изучаемых норм цеолита в рационах бычков, мы контролировали показатели роста – весовой и линейный. Динамика живой массы по возрастным периодам представлена в таблице 2.

0-100	80,5	87,0	82,7	79,1	72,4	66,2

Ағымдағы жағдайды ескере отырып, ылғалдың рұқсат етілген қоры есептеулер бойынша 7-8 күн ішінде жұмсалған болар еді. Суару алдында топырақтың ылғалдылығын анықтаған кезде есептеулер расталды.

Есептегіш қабатындағы топырақ ылғалдылығы 73% құрады. Сондықтан алғашқы суару екі нұсқа үшін де 800 м / га жылдамдықпен берілді. Гүлдену кезеңінде (маусымның бірінші және екінші онкүндігі) 34,6 мм жауын-шашын түсіп, ауа температурасы төмендеп, орташа 17,7° С болды. Суару мен жауын-шашынның әсерінен топырақ ылғалдылығы артты. Алайда 8 маусымда ол қайтадан 70 пайызға жетті. Сондықтан екінші суару гүлдену кезеңінде суаруға дейінгі шегі 70%-дан төмен емес нұсқа бойынша жүргізілді. Бірінші нұсқада суару жүргізілмеген. Нәтижесінде, топырақтың ылғалдылығы гүлдену кезеңінің соңында 66,3% дейін төмендеді. Екінші нұсқада ылғалдылық 0-100 см қабатында 75%, 0-50 см қабатында 72,1% болды, ал шілде айында жаңбыр жиі жауды. Барлығы 65 мм бірінші және екінші онкүндікте құлап кетті. Бұл бірінші нұсқада ылғалдылықты 60% сақтауға көмектесті. Алайда бұл резервтер екінші нұсқа бойынша жеткіліксіз болды.

Кейіннен жауын-шашын болмады, ауа температурасы көтерілді, бұл дақылдардың ылғалды қарқынды тұтынуына әкелді. Топырақтың ылғалдылығы екінші нұсқада қайтадан 75,1%-ға, ал бірінші нұсқада – 60,1%-ға дейін төмендеді. Сондықтан екінші нұсқада төртінші суару 3 күннен кейін жүргізілді, ал суаруға дейінгі ылғалдылық шегі 60% болатын нұсқада тек екінші.

Қорытынды. Жоңышқаның шығымдылығы мен сапасының қалыптасуында егін егу әдістері, суару режимі, себу қарқыны, минералды қоректену деңгейі, сондай-ақ жинау мерзімдері мен әдістері маңызды орын алады. 2021-2022 жылдары Шығыс Қазақстан облысының кәдімгі қара топырақтарында осы зерттеу бойынша келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Фенологиялық фазалардың басталу уақыты және өсімдіктерде пісетінге дейінгі кезең ұзақтығы суару режимінің деңгейіне, себу әдісі мен тұқым себу жылдамдығына байланысты емес және негізінен өсімдіктерді себу мен өсіру кезінде пайда болатын ауа-райына байланысты.

2. ШҚО-да су режимі жылдың ауа-райына байланысты саралануы керек. Гүлдену кезеңіне дейін жоғары температура мен жауын-шашынның жетіспеуі топырақтан, оның ішінде терең қабаттардан ылғалдың қарқынды тұтынуына әкелген құрғақ жылдары топырақ ылғалдылығын барлық фазаларда қалыпты ылғалдың кемінде 70% ұстап тұру қажет. жоңышқа дамуының. Ылғалды жылдары орташа сараланған суару режимін қолдану керек (70-60-60).

3. Сараланған ылғалға сәйкес келетін топырақтың ылғалдылығының ең оңтайлы режимі норма бойынша бір реттік суару арқылы құрылды 1200 м / га, бұл өнімділік элементтерін қалыптастыру кезінде қоректік заттар мен ылғалдың шығынын азайтуға мүмкіндік берді және осылайша өсіп кетуіне жол бермеді. Бұл суару режимі тұқым өнімділігін 40-60%-ға жоғарылатып, биомасса мөлшерін 8-11%-ға азайтты.

Әдебиеттер

1. Акшалов К.А. Технологияның бұршақтұқымдас дақылдардың өнімділігіне әсері// Дәнді дақылдар. – № 4. – 2007. – 22-24 б.
2. Алексеева Е.С. Жоңышқаның өсіру технологиясы. – Минск. – 2011. – 58 б.
3. Андреева Т.Ф. Өсімдіктің фотосинтезі және азот алмасуы/ Фотосинтез физиологиясы. М.: Наука, 2012. – 89-93 б.
4. Аринов К., Мусынов К., Шестакова Н., Серекпаев Н., Апушев А. Өсімдік шаруашылығы, – Астана – 2016 г. 355-358б.
5. Блажевский В.К. // Астық шаруашылығы. – № 6. – 2006. – 35-36 б.
6. Беляков Г.И. Еңбек қорғау /М.: Агропромиздат, 2009. – 320 б.
7. Вавилов П.П. Өсімдік шаруашылығы. – М.; Колос, 1979. – 519 б.
8. Васильев В. Жоңышқа егіндері. // Дәнді дақылдар. № 5/6. – 2012. – 18-21б.
9. Гридасов И.И. Ресейдің дәнді дақылдары. – М.: Колос, 2007. – 255 б.

УДК: 658.5.012.7

Т.Р. Сайфуллин

УО «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей, momoonnooman1@gmail.com

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО КАК НЕОБХОДИМОСТЬ

Когда положение в экономике государства ухудшается, сторонников усиления государственного регулирования становится больше. Но и в благополучные времена вопрос этот остается одним из самых злободневных, поскольку бизнес и государство всегда находятся в состоянии поиска вынужденного компромисса и согласования частных и общественных интересов.

Долгое время, не без подсказки западных экспертов, казахстанская экономика развивалась в русле ультралиберальных экономических принципов, предполагавших предельно минимальное вмешательство государства в бизнес.

Вспоминается характерное высказывание одного из руководителей правительства середины 90-х годов о том, что «государственная собственность опасна для общества». Но оказалось, что на безграничной свободе, предоставленной бизнесу, расцветают не только розы.

Массовой криминализации бизнеса, как это было в России, удалось избежать благодаря жесткой политике властей, вовремя включивших механизмы торможения дезинтеграционных процессов, налаживания системы государственного контроля и взаимодействия с предпринимательской средой.

На протяжении последних нескольких лет казахстанская экономика показывает очень хорошие результаты. Растут государственные доходы и ВВП, крепка финансовая система, в стране впервые появились серьезные накопления и средства для внутренних инвестиций. Государство сегодня является самым богатым и надежным потенциальным инвестором в стране и может стать "локомотивом" дальнейшего роста экономики.

Фактическое государственное доминирование в стратегических отраслях, которого так опасались в начале реформ, доказало свою экономическую эффективность. Большинство государственных компаний в нефтяной отрасли, к примеру, работают ничуть не хуже частных фирм и вполне конкурентоспособны. Так что сама жизнь показала, что государственное предпринимательство не только не противопоказано рыночной экономике, но и служит средством государственного регулирования, уменьшения негативных экономических «перекосов».

Формы государственного предпринимательства достаточно разнообразны. Некоторые из них вполне традиционны, например, создание совместных предприятий, участие в акционерном

капитале различных компаний, оказание платных услуг участникам экономической деятельности специализированными государственными компаниями и т.д.

Однако сегодня появились предпосылки для развития более эффективных форм участия государства в экономических отношениях в качестве полноправного субъекта хозяйствования. Экономический «тяжеловес», каким является государство в рыночных взаимоотношениях, сможет успешно решать ряд принципиальных задач стратегического развития страны.

Во-первых, решать задачу интеграции страны в глобальную экономику. На мировых рынках нас с нашей продукцией отнюдь никто не ждет с распростертыми объятьями...

Можно создавать специализированные государственные структуры различной функциональной ориентации. Например, самое непосредственное отношение к данной проблеме имеет деятельность такой государственной структуры, как создаваемая в настоящее время Корпорация по страхованию экспорта. Эта компания, призванная оказывать содействие всему корпоративному сектору страны на внешних рынках, может быть весьма эффективной в рамках государственного предпринимательства.

В настоящее время конкуренция на международном уровне с крупнейшими ТНК, располагающими ресурсами, сопоставимыми с ВВП Казахстана, будет в большинстве случаев заведомо неравной для отечественных компаний.

Отечественный бизнес все еще слишком слаб для международной конкуренции. Поэтому вполне допустимо использовать ресурсы государства и государственных структур для выравнивания стартовых условий. Практически это может быть реализовано путем приобретения долей зарубежных компаний, доминирующих на том или ином рынке продукции.

Отдельной казахстанской компании это, конечно, не по силам, а государству, через соответствующую структуру – вполне. Таким образом, отечественный бизнес получает «выделенный» канал доступа на мировой рынок, позволяющий облегчить интеграцию казахстанского бизнеса в глобальную экономику на эффективных условиях.

Современная ситуация благоприятствует такой стратегии, поскольку в течение последних двух-трех лет наблюдается избыточная ликвидность как корпоративной финансовой системы, так и государственных институтов (Национальный фонд, Банк развития). Дополнительные возможности для наращивания инвестиционной активности в рамках политики государственного предпринимательства создают также формируемые в настоящее время новые государственные институты (помимо упоминавшейся Корпорации по страхованию экспорта, это – Инвестиционный фонд Казахстана, Национальный инновационный фонд).

Конечно, покупка крупных западных компаний целиком вряд ли возможна и весьма дорогостояща, но представляется вполне реальным приобретение значительных пакетов акций в таких организациях, позволяющих получить одно – два места в советах директоров и, соответственно, влиять на управление этими структурами.

Другое направление – активная инвестиционная политика и модернизация экономики, ее отход от сырьевой направленности. Основная проблема здесь – нехватка у частного бизнеса финансовых средств. Значит – надо задействовать инвестиционные возможности государства. Следует отметить, что ситуация в данной области в настоящее время достаточно благоприятная, так как созданы специализированные государственные структуры, призванные решать задачи развития отечественной промышленности – Банк развития, Инвестиционный фонд Казахстана, Национальный инновационный фонд.

Их ресурсы могут быть использованы для формирования казахстанских крупных компаний, финансово-промышленных групп, способных в перспективе развиваться до статуса транснациональных компаний. Именно опора на собственные крупные компании представляет собой альтернативу типичной для глобализованного мира ситуации, когда в национальных экономиках развивающихся стран ведущие позиции занимают ТНК развитых стран. Следовательно, важнейшей задачей сегодня является формирование и развитие мощных

отечественных компаний, постепенное вытеснение ими зарубежных операторов в ключевых отраслях с последующим выходом на мировой уровень, и экспансия национального капитала в другие страны. Следует отметить, что эффективная конкуренция в условиях глобальной экономики возможна только с опорой на крупные мегакорпорации, о чем свидетельствует как опыт наиболее успешно развивающихся стран (таких, как Япония в 60-е годы (кэйрецу, согосоя) или Южная Корея в 80-е (чеболи), так и опыт развитых стран, в которых в настоящее время продолжают процессы слияний и без того крупных компаний с целью доминирования на своих сегментах рынка.

Решение этой задачи требуют концентрации усилий и ресурсов всех государственных институтов. В то же время многие из них чрезмерно специализированы и их деятельность не предполагает поддержки отечественного бизнеса. Так, двумя основными функциями крупнейшего из таких учреждений – Национального фонда – является «формирование накоплений государства (сберегательная функция), а также снижение зависимости республиканского и местных бюджетов от конъюнктуры мировых цен (стабилизационная задача)». Проблема состоит просто в отсутствии «легитимных» для тех или иных структур объектов инвестирования, поскольку такие объекты должны отвечать критериям надежности и ликвидности. Например, тот же Национальный фонд осуществляет сберегательную функцию путем инвестирования полученных доходов в наиболее надежные активы, в качестве которых, как правило, выступают ценные бумаги иностранных эмитентов. Можно отметить, кстати, что эти инвестиции не слишком прибыльны. Так, по итогам 2002 г. инвестиционные доходы от управления Национальным фондом составили 8,07 млрд. тенге при том, что средства в управлении на начало периода исчислялись суммой 189,8 млрд. тенге.

То есть, доходность от инвестиционных вложений составила всего 4,2 % годовых. Это существенно ниже, чем, например, доходность корпоративных облигаций ведущих казахстанских эмитентов. Иными словами, если бы часть ресурсов Национального фонда и других государственных структур вкладывалась в крупные отечественные компании, то в выигрыше были бы обе группы казахстанских участников рынка – и инвесторы, и эмитенты-заемщики.

Аналогичная ситуация имеет место не только применительно к государственным финансовым структурам, но и в корпоративном секторе. Так, на протяжении последних двух-трех лет широко обсуждается проблема избыточной ликвидности системы ННПФ, доходность которых в настоящее время уже с трудом превышает уровень инфляции. То же самое актуально в отношении банков второго уровня и страховых компаний. Это означает, что в настоящее время в стране не могут найти эффективного применения средства в размере нескольких миллиардов долларов, при том, что отечественный бизнес недоразвит и отличается неадекватно низким уровнем капитализации, а задача технологической модернизации экономики грозит перейти в стадию хронической проблемы.

Решением данных проблем может стать инициированный и активно поддерживаемый государством процесс формирования крупных многоотраслевых холдингов.

Вообще, следует отметить, что необходимость формирования неких «патронирующих» структур в различных сферах в настоящее время имеет серьезные предпосылки, обусловленные особенностями текущего этапа экономического развития страны. Специфичность этого этапа состоит в том, что в стране имеются значительные финансовые ресурсы, которые могут быть использованы в целях технологической модернизации (средства пенсионных фондов, банков второго уровня, страховых компаний и пр.), однако при существующих нормативных ограничениях не могут быть задействованы в этом процессе напрямую, скажем, в форме прямого финансирования теми же НПФ конкретных фирм.

Законодательство справедливо ограничивает направления инвестирования финансовых институтов страны узким кругом определенных инструментов, отвечающим критериям надежности и ликвидности. Именно эта ситуация, когда при наличии «избыточной ликвидности» отечественной финансовой системы существует и дефицит финансовых ресурсов для реального

сектора, в том числе и его наиболее технологичной части, обуславливает целесообразность формирования крупных компаний с участием государства.

Они могут стать посредником между средствами финансовых институтов и их потребителями в лице технологичных компаний. Такие структуры, имеющие высокую капитализацию, могли бы выступать в роли либо «оптового» заемщика кредитных ресурсов, либо эмитента надежных и ликвидных ценных бумаг, аккумулируя средства и перераспределяя их (за небольшую маржу) на нужды предприятий и фирм, отвечающим критерию технологического развития экономики республики.

Тем самым стала бы возможной реализация таких функций, как стимулирование развития высокотехнологичных компаний, пополнение бюджета за счет предпринимательской деятельности данных государственных структур. А также была бы решена задача высокоэффективного размещения финансовых ресурсов институциональных инвесторов, испытывающих в настоящее время острую нехватку прибыльных направлений инвестиционной деятельности.

ӘОЖ: 658.18

Е.С. Сансызбай, З.М. Турдиева

УО «Alikhan Bokeikhan University», г.Семей, e.s.1512@mail.ru

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КЕЗДЕСЕТІН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Егеменді Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы қалыптастырып, одан әрі тереңдете дамытуда шешуші тұтқалардың бірі мемлекеттік бюджет болып табылады. Нарықтық экономиканың даму жолын таңдаған кез келген мемлекеттің шынайы тәуелсіздігі мен егемендігі үшін мықты әрі тұрақты қаржылық негіздің болуы міндетті. Ал, салықтар мемлекет бюджетінің кіріс бөлігінің қайнар көзі болып қана қоймай, материалдық, экономикалық және құқықтық категория ретінде қарама-қайшылығы мол, күрделі құбылыс, әрі тауар өндірісінің барысына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады.

Бюджет жүйесі – мемлекеттік, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен бюджет тұрғысынан дербес мекемелер бюджеттерінің жиынтығы. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі елдің түрлі деңгейлердегі бюджеттерінің экономикалық қатынастар мен заңды нормативтеріне негізделген. Оларды әзірлеу, қарау, бекіту, атқару және атқарылуын бақылау процесін біріктіреді. Бюджет жүйесінің бірлігі бірыңғай заң шығарушылық негіз, бюджеттік құжаттама нысаны, бірыңғай бюджеттік жіктелімді (кіріс пен шығыстың міндетті топтамасын) қолдану, бюджеттердің төменгі деңгейінен келесі деңгейіне қажетті статистикалық және бюджеттік ақпарат беру, бірыңғай ақша жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің құрылымы екі деңгейлі – республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттерден құралады. Бюджеттердің дербестігі меншікті кіріс көздерінің болуы және оның пайдаланылуын айқындау құқығы арқылы қамтамасыз етіледі. Барлық деңгейдегі бюджеттердің теңдестірілуі бюджет, қаржы саясатының қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасында әрбір деңгейдегі бюджеттердің кірістері оның салық, жергілікті шаруашылық, өзін-өзі басқару, бюджет жүйесі туралы заңдарға сәйкес құралады. Республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттерді әзірлеу, қарау, бекіту, атқару және атқарылуын бақылау тәртібі «Бюджет жүйесі туралы» ҚР Заңымен және оған кейіннен енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар туралы заңдармен айқындалады.

Бюджеттік құрылымға бюджет жүйесінің құрылуы мен ұйымдастырылу қағидалары жатады. Ол заң актілерімен бекітіліп, мемлекеттік құрылыммен анықталады.

Бюджеттік құрылымға келесі түсініктер кіреді:

- бюджет жүйесі;
- бюджет құқығы;
- бюджет үрдісі;
- бюджеттік реттеу.

Бюджеттік құрылым бюджеттің жеке түрлері арасында кірістер мен шығыстардың бөлістірілуін қарастырады. Мемлекеттің тұрақтылығын қалыптастыруда жергілікті бюджет жүйесінің маңызы зор. Оның негізін жергілікті салықтар мен займдар құрайды.

Жергілікті бюджет шығындарының басым бөлігі білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік шығындарға жұмсалады. Сонымен қатар, жергілікті бюджет қаражаттары арқылы тұрғын-үй коммуналды шаруашылық шығындары, жол жөндеуге кеткен, қала ішін көріктендіру шығындары кіреді. Жергілікті бюджеттің шығындары ағымдық және капиталдық шығындарға бөлінеді. Ағымдық шығындар көп жағдайда жергілікті салықтар мен орталық бюджетт субсидиялары арқылы жабылатын болса, капиталдық шығындар – займдар арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті салықтардың өзі үш топқа, мүлікке салынатын салықтар, көлікке салынатын салықтар және жалпы салықтар тобынан тұрады. Сонымен қатар, жергілікті жанама салықтарды да айта кеткен жөн (жанар-жағар майға, спирттік ішімдіктерге, кең қолданыстағы тауарларға салықтар).

Жергілікті бюджеттің кірісіндегі басты үлесті салықтық емес түсімдер құрайды. Оған жергілікті билік органдарының меншігіндегі жерлерді жалға беруден немесе жерді сатудан, коммуналдық кәсіпорындардан түсетін түсімдер немесе айып пұлдар жатады.

Бюджеттік құқық мемлекеттің бюджет жүйесін, бюджетті құру бойынша мемлекеттік және жергілікті билік органдарының міндеттерін сонымен қатар бюджеттің бекітілуі мен атқарылу тәртібін айқындайтын заңды нормалардың жиынтығын береді [1].

Бюджеттің құқықтық негізі елдің конституциясымен анықталған. Көптеген мемлекеттер бюджеттік құқық қатынасында жергілікті билік органдарының құқығын сақтауға бағытталады.

Бюджеттік құқық экономикалық қатынастар мен заңды нормаларға негізделген барлық бюджеттердің жиынтығын береді.

ҚР бюджеттік жүйесінің құрамына:

- республикалық бюджет
- жергілікті бюджет: облыстық, қалалық, аудандық бюджеттер

Республикалық бюджеттің орындалуына бақылауды Есеп комитеті жүргізеді ал, жергілікті бюджетті сәйкес жергілікті деңгейдегі тексеріс комиссиясы, сонымен қатар ҚР қаржы министрлігі мен оның өкілетті органдары жүргізеді.

Әлемдік нарықтағы мұнай мен металдар бағасының, сыртқы сауда айналымы көлемінің төмендеуі және экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуі республикалық бюджетке түсімдерді қамтамасыз етуге айтарлықтай дәрежеде әсер етуі мүмкін.

Бүгінде республикамызда шаруашылық жүргізуші (шағын және орта бизнес) субъектілеріне салық салу қалай жүргізілуде деген сұрақ көпшілікті қызықтырады. Қазіргі кезеңде елімізде шағын кәсіпкерлік субъектілері, шаруа (фермер) қожалықтары, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін салық салудың арнайы салық тәртібі орнатылған. Кәсіпкер бұл арада өзінің қызметінің меншігіне, алатын табысының мөлшеріне байланысты аталмыш немесе басқа түрін қолдануға құқығы бар.

Қазіргі кездегі жағдайларға салықтардың мәні мен ролі мемлекеттік органдарды қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету шекарасынан шығып отыр. Енді, салықтар ұлттық табысты мемлекеттендірудің маңызды құрамы бола бастады. Олар макроэкономикалық реттеуге белсенді араласа отырып, ішкі ұлттық табыстың жалпы көлемінде салықтық төлемдердің салыстырмасы мөлшерінің өсуін қамтамасыз етіп отырады. Салықтар экономикалық белсенділікті реттей отырып, өндірістік процестерге де әсер етеді. Бұл әсер жан-жақты болып табылады. Салынатын

салықтармен әрекет ете отырып, мемлекет капиталының қорлауына асқан ықпал етеді. Сондай-ақ салықтық реттеу шаралары әртүрлі салалардың бәсекелесу мүмкіндіктерін кеңінен ынталандыра отырып капиталдық қорлануына тиімді жағдайлар жасап кәсіпорындардың іс-әрекеттерінің әлеуметтік қажеттіліктеріне қанағаттандыруға ықпалын тигізеді.

Кесте 1 – Бюджет жүйесіндегі кезігетін негізгі тәуекелдер

Салықтық түсімдерді көбейтуге кері әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Негізгі экспорттық позицияларға әлемдік бағалардың төмендеуі: мұнай, металдар (алюминий, мырыш, қорғасын, мыс).	Салық және кедендік әкімшілендіру шеңберінде бақылауды жетілдіру (электронды шот-фактуралар, акцизделетін өнімдердің айналымын бақылау, бақылаудың көлденең режимін енгізу, бақылау (сәйкестендіру) белгілері бар тауарларды танбалауды кезең-кезеңмен енгізу және т.б.)
Алыс орналасқан ауылдық жерлерде интернет қосылысының болмауына байланысты декларациялаумен толық қамтымау	Декларацияларды электрондық түрде ұсыну бойынша барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында мемлекеттік кірістер органдарында, ХҚКО және әкімдіктерде жеке тұлғалар үшін қол жеткізу нүктелерінің санын кеңейту бойынша ісшаралар өткізу. Мобильді қосымшаларды әзірлеу.
Бекітілуі электрондық декларациялауды енгізуге байланысты болатын тәуекел бейіндерінің санын ұлғайту	Тәуекелдер бейіндерін өзектендіру, сонымен қатар тәуекелдерді бейіндеу кезінде ақпараттық жүйелерді пайдалану
Қолма-қол ақша айналымының жоғары үлесі	1. Төлемдер және төлемдер мониторингінің онлайн серверлерін енгізу (ЭШФ, Онлайн БКМ және т.б.) 2. ҚҚС арнайы бақылау шотын енгізу 3. ЭШФ АЖ жұмысының функционалын кеңейту
Кәсіпорын субъектілері арасындағы мәмілелердің ашықтығының болмауы	
Ескерту: ҚР Салық Кодесі негізінде автормен құрастырылған	

Үкіметіміздің алдында тұрған міндет ол тұрақты қабылданған заңдардың негізінде қаржы жүйесін тез арада қалпына келтіріп, ондағы салық арқылы түсетін түсімдерді реттеп, олардың дұрыс бөлінуін қамтамасыз ету болып табылады және де салықтар қазынаны толтырып қана қоймай өндірісті әрі қарай дамытудың белсенді ынталандырушы ролін атқаруы қажет деп тұжырымға келемін. Олар кәсіпкерлікке деген ынтаны тежеу механизімі болып келемей, керісінше оның тиімді әрекет етудің қосымша, бірден бір фактордың ролін атқаруы қажет. Сондықтан біздер салықтар жүйесін жақсартуда әрқашан қарапайым және баянды принципін естен шығармауымыз қажет.

Салық төлеуші және жинаушы салық төлеу процесінде белгілі бір қарым-қатынасқа түседі. Бұл қарым-қатынас дұрыс, өзара тиімді әрі объективті болса, соғұрлым салықтық жиналу деңгейі де жоғары болады. Салық жинауына әсер ететін объективті және субъективті жағдайлар бар. Олар: өндіріс қаржысының ұтөмендеуі, кәсіпорындар мен мекемелер арасындағы төлемақылар дағдарысы, заңды білмеу немесе оның алдындағы жауапкершіліктің төмендеуі, салық салу нормаларын бұзу, салық жүйесіндегі қызметкерлердің жалақысының аздығы тағы басқалар. Әрине, мемлекет барысында бюджеттің кіріс бөлігін көбейтуге тырысады. Кәсіпкер де солай, ешкім өз еркімен, өз табысының бір бөлігін беруге құлшынбайды. Міне, сондықтан да әр елдің өз салық кодексі бар. Олар әр елдің экономикасының қаржы-несие саясатының, тұрмыс-тіршілігінің жағдайына байланысты әр-түрлі болып келеді. Экономикалық іс-шаралар барысында ықпал ету, мемлекеттік қажеттілік тұрғысынан реттеп отыруды мемлекет салық жеңілдіктері арқылы жүзеге асырады. Оның тікелей сипаты жартылай немесе толықтай салықтан босату [2].

Кіріс пен таза пайданы экономиканың жаңа бір саласына немесе бүтін өндіріс түрінің дамуына жұмсауы, еліміздің аз игерген, кейбір қолайсыз аймақтарына инвестиция тарту сияқты мақсаттарда, салықтың кей түрінен бүтіндей босату қолданылады. Іскерлік табыстың белгілі бір түрлеріне жеңілдетілген салық жүйесін пайдалану, экономика мемлекеттік реттеуден сараланып қолданылатын және өте ыңғайлы әдіс. Мысалы, мерзімді амортизациясы жеделдетілген немесе

дифференциалды салық мөлшері салық төлеу мерзімін созу немесе кейінге қалдыру, салықтардан еркін резервтік инвестициялық әрі басқадай қорлар құру және нақты салық жеңілдіктері мен проперенциялар сияқты түрлі экономикалық және салық тегершіктері жетерлік. Қазақстан экономикасының өтпелі кезеңінде салық жеңілдіктері жаппай іскерлікті бауырқандырып, экономиканың басым салаларына ірі инвестициялар әкелуге септігін тигізеді. Алайда, қазір отандық экономика өзінің өрлеу белесіне көтеріле бастағанда мұндай салық жеңілдіктерінің сақталып қалуы мемлекет пен инвестор арасындағы мүдделік қарым-қатынасқа өз салқынын тигізуде. Нәтижесінде бюджетке өндіріс көлемінің ұлғаюына қатысты-салықтан бюджетке түсетін түсімдер елеусіз, салық салмағының коэффициенті әсерсіз қалуында. Кейінгі кезде салық жеңілдіктерінен салық кеңістігінде елеулі қарама-қайшылықтар туып, салықтық әмір жүргізуіне кесірін тигізуде. Ең бастысы өндіріс саласына қарамай салық төлеушілердің барлығы заң алдында тең деген талапқа салықтық жеңілдікті реттеу қайшы келіп, экономиканың түрлі салаларындағы кәсіпорындарды алалауда.

Әдебиеттер

1. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / – Алматы. Экономика, 2016 – 522 бет
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, – 2018.

УДК: 658.15

М.Б. Молдажанов, Д.Е. Кульситова
УО «Alikhan Bokeikhan University», г. Семей

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОНЦЕПЦИИ МОТИВАЦИОННО-ИННОВАЦИОННОГО УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИМИ СТРУКТУРАМИ

В современных условиях развития экономики Казахстана важной задачей является разработка методов эффективной деятельности предпринимательских структур в условиях возрастающей конкурентной борьбы.

Предпринимательство выполняет очень важную функцию в экономике развитых стран, обеспечивая необходимую мобильность экономики в рыночных условиях, способствуя развитию специализации и разветвленной кооперации производства, а также создавая среду, без которой развитие экономики, построенной на принципах личной заинтересованности и инициативы специалистов предпринимательской структуры, невозможно.

Чтобы понять суть предпринимательства необходимо систематизировать существующие понятия данного явления. В «Большом экономическом словаре» предпринимательство определяется как «инициативная самостоятельная деятельность граждан, направленная на получение прибыли или личного дохода, осуществленная от своего имени, под свою имущественную ответственность или от имени и под юридическую ответственность юридического лица. Предприниматель может осуществлять любые виды хозяйственной деятельности, не запрещенные законом, включая коммерческое посредничество, торговую-закупочную, консультационную и иную деятельность, а так же операции с ценными бумагами».

В данном словаре выделены формы предпринимательства:

- частное предпринимательство;
- коллективное предпринимательство.

Данные формы предпринимательства осуществляются на основе собственности и имущества граждан, полученного и используемого на законном основании. Так же определяется, что предпринимательство осуществляется:

- без применения наемного труда;

- с применением наемного труда;
- без образования юридического лица.

Предприниматель, который в рамках закона осуществляет свою деятельность без образования юридического лица, должен отвечать по своим обязательствам, связанным с данной деятельностью, всем имуществом, за исключением имущества на которое в соответствии с законодательством не может быть обращено взыскание.

Так же в «Большом экономическом словаре» перечисляются права предпринимателя.

Предприниматель имеет право:

- создавать любые виды предприятий;
- приобретать полностью или частично имущество государственных предприятий, основанных на других формах собственности;
- приобретать иное имущество и имущественные права;
- участвовать своим имуществом в деятельности других хозяйствующих субъектов;
- нанимать и увольнять работников на условиях контрактов;
- самостоятельно устанавливать формы, системы и размеры оплаты труда и другие виды доходов лиц, работающих по найму;
- самостоятельно определять программу хозяйственной деятельности.

Все вышеперечисленные права должны действовать в рамках законных актов Республики Казахстан.

В литературных источниках часто встречаются понятия «предпринимательство» и «предпринимательская деятельность». Данные понятия имеют очень близкий смысл.

Предпринимательство – это форма деятельности, в «Словаре-справочнике менеджера» говорится, что «предпринимательская деятельность – самостоятельная, осуществляемая на свой риск деятельность, направленная на систематическое получение прибыли от пользования имуществом, продажи товаров или оказания услуг продавцами, зарегистрированными в этом качестве в установленном законом порядке». Предпринимательская деятельность – самостоятельная деятельность субъектов рыночной экономики; никто не может принудить других заниматься тем или иным предпринимательским бизнесом. Предпринимательская деятельность – инициативная деятельность, основанная на комбинировании факторов производства, на инновациях, на нововведениях. Инструментом предпринимательства в любой сфере деятельности являются инновации [6]. Без риска нет предпринимательства, все новое, как правило, связано с риском – осозанным, расчетным, разумным, умеренным; предпринимательская деятельность – деятельность, нацеленная на систематическое получение прибыли.

Предпринимательская деятельность – длительный хозяйственный процесс, направленный на производство и реализацию товаров, выполнение работ или оказание услуг потребителям, обществу; это профессиональная деятельность хозяйствующих субъектов, ориентированная на удовлетворение потребностей рынка с целью эффективного использования материальных, финансовых, трудовых и других ресурсов. Базой предпринимательства являются знания, позволяющие эффективно использовать экон. ресурсы. Предпринимательская деятельность – деятельность законная, осуществляемая участниками в определенных организационно-правовых формах; она должна быть зарегистрирована в установленном законом порядке с использованием особого разрешения (лицензии), если это необходимо по законодательству. Участниками предпринимательской деятельности являются юридические лица, коммерческие организации, преследующие извлечение прибыли в качестве основной цели своей деятельности.

К коммерческим организациям относятся хозяйственные товарищества (полное и на вере), хозяйственные общества (с ограниченной ответственностью, с дополнительной ответственностью, открытые и закрытые акционерные общества, дочерние и зависимые общества), производственные кооперативы, гос. и муниципальные унитарные предприятия. Юридические лица –

некоммерческие организации (не имеющие своей целью извлечение прибыли и не распределяющие полученную прибыль между участниками) – не являются предпринимательскими организациями. Однако они могут осуществлять предпринимательскую деятельность лишь постольку, поскольку это служит достижению целей, ради которых они созданы, и соответствующую этим целям.

«Основы инновационного предпринимательства» утверждает, что под современным предпринимательством понимают особый тип мышления и поведения, в основе которого лежит предприимчивость – деловое качество личности, проявляющееся как энергичность, находчивость, изобретательность, практическая сметка и деловитость в решении задач с целью извлечения в конкретной ситуации максимальной пользы для себя, коллектива или общества в целом при соблюдении правовых и моральных норм. Данное определение соответствует современному социально-экономическому развитию Казахстана, так как сейчас во главе любой предпринимательской деятельности на первое место выходят деловые качества личности и мотивация данной личности к удовлетворению не только собственных, но и общественных потребностей. Проанализировав выше сказанное, попробуем определить в том что такое «предпринимательство», что такое «предпринимательская структура». Предпринимательство – это определённый вид деятельности, а «предпринимательская структура» – это организационно структурированная данная деятельность.

В основе предпринимательства, предпринимательской деятельности лежит категория «предприниматель». Следовательно, предприниматель – это любой индивид, обладающий предвидением и желанием принять на себя риск, устремленный в будущее, чьи действия характеризуются надеждой получить доход и готовность к потерям.

Инновации являются одним из определяющих элементов деятельности предпринимательской структуры. Особенность инновации заключается в том, что она позволяет создать дополнительную ценность, позволяет инноватору или структуре, реализующую данную инновацию, получить дополнительную ценность, и связана с внедрением.

Реализация предпринимательской деятельности возможна как индивидуальным предпринимателям, так и в рамках предпринимательской структуры. В данном диссертационном исследовании рассматривается деятельность именно предпринимательских структур, их эффективность в зависимости от применяемой системы стимулирования и мотивации деятельности работников данных структур.

При этом, предпринимательские структуры не следует отождествлять с малым бизнесом, открытием бизнеса, инвестиционными проектами и просто способом с помощью которой можно быстро обогатиться. Предпринимательские структуры не связаны с размером бизнеса, с какой-то определенной отраслью, с территорией, где расположен бизнес или культурой страны. Под предпринимательской структурой понимается определенный состав субъектов рыночных отношений, к числу которых можно отнести только те организационно-хозяйственные единицы, конечной целью деятельности которых является получение предпринимательского дохода или прибыль как конечного результата деятельности использующие нововведения и являющаяся самокупаемой и самофинансируемой структурой.

Необходимо определить, любое ли предприятие является предпринимательской структурой. В «Большом экономическом словаре» предприятие определяется – как «самостоятельный хозяйствующий субъект с правами юридического лица, который на основе использования трудовым коллективом имущества производит и реализует продукцию, выполняет работы, оказывает услуги. Предприятие имеет права юридического лица, самостоятельный баланс, расчетный и иные счета в банках, печать со своим наименованием».

Предприятием можно считать организацию, нацеленную на получение прибыли, которая имеет конкретного собственника (индивидуальный владелец или группа физических лиц), а также различные организации (фонды, ассоциации), органы государственного и хозяйственного управления.



Рисунок 1 – Основные элементы, определяющие предпринимательскую структуру

Определим, в чем особенность предпринимательской структуры. Предпринимательская структура определяется в своих ключевых элементах: организационно-правовой форме, размере деятельности; производственно-хозяйственном потенциале; стратегическом управлении; ресурсосбережении; кадровом потенциале; система управления; информационных ресурсах.

Результативность предпринимательской структуры определяется выше перечисленными характеристиками:

- эффективностью используемых ресурсов (материальных, финансовых, кадровых, информационных);
- инвестиционно-инновационной политикой;
- качеством кадрового потенциала;
- инновационностью системы управления (в том числе мотивационной и стимулирующей составляющей);
- лидерством в конкуренции.

Все эти составляющие образуют в совокупности модель современной предпринимательской структуры.

Данная модель характеризуется восемью основными элементами: целями и задачами; типом организационной структуры; предпринимательским поведением руководителя; типом финансирования; стилем управления; инновационно-инвестиционной политикой; критериями результативности; восприятием статусного положения специалистов.

Литература

1. Видяпина В.В., Степанова М.В. Региональная экономика. – М: ИНФРА, 2010.
2. Гаврилов А.И. Региональная экономика и управление: Учебное пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2010.
3. Стратегия «Казахстан – 2050».
4. Гаврилов А.И. Региональная экономика и управление: Учеб. пособие для вузов.– М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2011.
5. Агафонов В.А. Инвестиционная стратегия региона и «точки роста» // Экономическая наука современной России. № 2, 2010. – С. 66-76.
6. Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы.
7. Бейсенбаев А.А. Переход региональных экономики Республики Казахстан к инновационно-сервисному развитию // Вестник Российской академии естественных наук. № 5(4), – 2011. – С. 40-43.
8. Бейсенбаев А.А. Формирование механизма долгосрочного социально- экономического развития регионов Республики Казахстан. Монография. – СПб.: Изд-во «Студия «НП-Принт», 2015.

А.А. Аманбаева, Ә.Е. Ерназарова
УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей қ.

ҚАЗІРГІ ШАРТТАРДА КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУ

Елбасының 2017 жылдың 28 ақпанындағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсеке қабілеттілік – Қазақстанның әлемдік экономика мен қоғамдастыққа табысты кірігуінің кілті. Сондықтан да өткен жылдың өзінде біз жалпы қазақстандық жобамызды тұжырымдап, оны іске асыруды қолға алған болатынбыз. Бұл – біздің әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елу елінің қоғамдастығына қарай жедел жылжуымыздың және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайту» деген. Осы орайда кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігін жоғарылату мәселесі олардың қаржысын тиімді қолданудың, басқарудың тиімділігін жоғарылату мәселесімен тығыз байланыстылығына көз жеткізуге болады.

«Біз Қазақстанның жаһандық экономикалық үрдістерге сәйкес дамып келе жатқан ел болуын қалаймыз. Әлемдегі жасалған жаңа мен озық атаулыны бойына сіңірген, дүниежүзілік шаруашылықтан шағын да болса өзіне лайық «орнын» иемденген, әрі жаңа экономикалық жағдайларға жылдам бейімделуге қабілетті ел болуын қалаймыз. Мемлекет өз тарапынан іскерлік бастамашылықтың жолындағы заңнамалық, әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді ысырып тастауға, жеке меншік капиталдың келешегі үлкен кемел бастамаларына тікелей қолдау көрсетуге, Жаңа экономика жаңа басқару шешімдерін қажетсінеді, ал ондай шешімдерді осы заманға сай ойлай білетін және түпкі нәтижеге бағдарланған мемлекеттік менеджерлер ғана қабылдауға қабілетті.» – деп айтып кеткен еді Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2007 ж. Қазақстан халқына арналған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына, төлем қабілеттілігіне қол жеткізу үшін қаржы ресурстарының болуы және оларды қалыптастырудың қазіргі заманғы тәсілдерін қолдана отырып, оны жүйелі түрде басқару қажет.

Сырттан қаржы ресурстарын тарту үшін табысты және тиімді инвесторлардың өздерінің капиталын орналастыру үшін кәсіпорынды дамыту керек. Бұл жерде тұрақты дамудың маңызды шарттарының бірі өзіндік қаржы ресурстарының жеткілікті болуы және кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастыру кезінде қаржылық нарық құралдарын пайдалану мүмкіндігі болып табылады.

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын бағалау, объективті, ғылыми негізделген үшін оның қаржылық жағдайын талдау қажет. Тек терең және ұқыпты талдау негізінде ғана оның қызметін объективті бағалап, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын нығайту немесе жақсарту және оның іскерлік белсенділігін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау үшін, басшылыққа нақты ұсыныстар беруге болады.

Отандық талдау әдебиеттерінде қаржылық талдау мәселесі аз зерттелген, сондықтан оның прогрессивті әдістері әзірше бізде ойдағыдай қолданыс таба алмай отыр. Ал бұл кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі мен экономикалық дамуына, ең ақырында еліміздің экономикалық өсуіне кері әсерін тигізеді.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдау нәтижелері бойынша кәсіпорында қалыптасқан жағымды және жағымсыз құбылыстар туралы, кәсіпорын қызметінің мықты және әлсіз жақтары туралы, сонымен қатар олардың туындауына себеп болған факторлар жөнінде қорытынды жасауға болады. Қаржылық талдаудың нәтижелері туралы ақпаратқа тек ішкі субъектілер (меншік иелері, басқарушылар, жұмысшылар) ғана емес, сонымен қатар сыртқы субъектілер (жабдықтаушылар, инвесторлар, кредиторлар және тағы басқалар) де қызығушылық білдіреді. Сыртқы субъектілер талдау нәтижелерін алдағы уақытта субъектілер болса оны

калыптасқан қаржылық жағдайды тұрақтандыруға және оны жоғары деңгейде ұстап тұруға пайдаланады.

Қаржылық тұрақтығы жағынан кәсіпорын сыртқы қарыз көздерінен тәуелсіз. Оған ұзақ мерзімді міндеттемелердің жоқ болуы дәлел бола алады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың логикалық жалғасы оның қызметінің тиімділігін сақтап тұру және кемшіліктерін жою бойынша іс-шаралар дайындау болып табылады. Кәсіпорынды қаржылық сауықтыруда ішкі және сыртқы көздер пайдаланылуы мүмкін.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы реурсының жағдайы. Ол өндірістің тиімділігімен, сондай-ақ кәсіпорын қызметінің қорытынды нәтижелерімен тығыз байланысты.

Сыртқы көздерге жаңа акциялар мен облигациялар шығару, дәрменсіз кәсіпорындардың басқа кәсіпорындармен қосылуы, банктік несиелер мен дотациялар, лизинг, факторинг, дивидендтер төлеуді уақытша тоқтату жатады. Ал қаржылық жағдайды сауықтырудың ішкі көздеріне өнімдердің сапасы мен бәсеке қабілеттілігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын төмендету, тұрақты шығындар мөлшерін азайту, өндіріс қуаттылығын толық пайдалану және пайдаланылмайтын активтерді сату болып табылады.

Қаржылық тұрақтылық немесе беріктік қорының жоғарылауы кәсіпорынның қаржылық жағдайына оң әсерін тигізеді және қаржылық жағдайын жоғарылатады. Кәсіпорынның таңдалған өнімді өндіру стратегиясы рентабельділіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның тиімді қызметі үшін оперативті басқаруды негізгі қаржылық стратегиямен үйлестіру қажет. Мұнда 2 негізгі бағыт бар: инвестициялар – тұрақты және өзгермелі шығындар – ағымдағы қаржылық қажеттіліктер – капитал құрылымы; кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – төлем қабілеттілік, баланс өтімділігі, несие қабілеттілігі, рентабельділік – қаржылық коэффициенттер.

Кәсіпорын басшылығына қаржылық тұрақтылықты жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады: ол негізінен жалпы активтердің құрастыру көздерінің сомасындағы меншікті капиталдың үлесін арттыруға негізделеді.

Айта кеткен жөн, қажылық тұрақтылықты қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін стратегия қажет. Стратегияда кәсіпорынның мынадай негізгі мақсаттарды, яғни алдағы уақыттағы кәсіпорын қызметінің бағытын, өндірілетін өнім (көрсетілетін қызмет, атқарылатын жұмыс) сапасын арттыру, аз шығын жұмсай отырып өндірістің тиімділігін қамтамасыз ету, өзіндік құнды төмендету және рентабельділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету жолдарын анықтау қажет.

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясы кәсіпорынның қызметінің барлық жақтарын қамти отырып, негізгі және айналым қаражаттарын жетілдіру, капиталды басқару, пайданы бөлу, қолма-қолсыз есеп-айырысу, салық менеджменті, бағалы қағаздар облысындағы саясаттарын қамтиды. Қаржылық стратегияның аталған құрамдас бөліктері қаржылық стратегия объектілерін анықтайды, олар – табыс және қаражаттардың түсімі, қаражаттар шығыстары және аударымдары, бюджеттік және бюджеттен тыс қорлармен қарым-қатынастар, несиелік қарым-қатынастар.

Қорытындылай келе, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері және оны басқарудың тиімділігін жоғарылату бойынша шараларды жалғастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Градов А.П. Стратегия экономического управления предприятием. Учеб.пособие. – СПб, 1993.
2. Прокопчук Л.О. Стратегический менеджмент. – Учебник для ВУЗов. – СПб., 2004. – 511 с.
3. Забялин П.В., Моисеева Н.К. Основа стратегического управления: Учеб.пособие. – М.: Маркетинг, 2008.
4. Келимбетов К. Стратегия экономического роста. – Астана – 2001

5. Эклунд К. Эффективная экономика: шведская модель.//Пер. со швед. – М. – Экономика, – 1991.
6. Смирнов Н.Н. Стратегический менеджмент. – СПб: Питер, – 2018, – 128 с.
7. Бердалиев К.Б. Менеджмент. Курс лекций – Алматы: Экономика, – 2015
8. Назарбаев Н.А. Стратегия развития РК на период до 2030 года.

ӘОЖ: 351.711

М.Б. Молдажанов, Р.З. Кажыбаев
УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей қ.

САЛЫҚТАР: ОЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Нарықтық қатынастардың даму жағдайында экономикалық реформалаудың негізгі міндеттерінің бірі тиімді салық механизмін қалыптастыру болып табылады. Салық механизмі әр деңгейдегі бюджеттің кірісін толтыру мәселелерін шешіп қана қоймай, сонымен бірге әрбір шаруашылық субъектілерінің не болмаса барлық экономиканың бүтіндей дамуына ықпал етеді.

Мемлекеттің салық жүйесі мемлекеттегі қолданылып жүрген салықтардың жиынтығы, салықтық қызмет органдарының жүйесі және салықтық заңнаманы білдіреді. Салықтардың және бүтіндей салықтық жүйенің тиімділігіне қол жеткізу мемлекеттің экономикалық дамуы мен өркендеуінің сенімді арқауы болды. Біздің салық жүйемізді халықаралық стандартқа жақындататын шаралар – салық жүйесін төмендету және салық түрлерін қысқарту болып табылады.

Салық органдарының қызметінің маңызды элементі салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің ел қазынасына уақтылы және толық түсуіне бақылау жасау. Сондықтан да салық органдарының бақылау қызметін жетілдіру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып табылады.

Бюджет толықтырудың басты көзі салықтан түсетін түсім екені белгілі. Сол себептен республикалық салық қызметінің мемлекет бюджетін толықтыру бағытындағы жұмыстарының тиімділігін арттыру қажет.

Қазіргі уақытта елімізде салықтық реформа жүргізілуде. Ал салық реформасын табысты түрде жүзеге асыру барысында, салық органдарының бақылау – экономикалық қызметінің мәнісі күшеюде.

Салықтық бақылауды тек қана салықтардың толық және уақтылы түсуіне бақылауға әкеліп тіреуге болмайды. Өзінің кең мағыналығында салықтық бақылау – салық заңдарының орындалуына бақылау болып табылады. Салықтың уақтылы жиналып, салық заңдарының орындалуы, салықтық бақылауды өз деңгейінде болу үшін салық төлеушілер мен салық жинаушылар арасында рухани мәдениетті қалыптастыру керек.

Егемен Қазақстанның даму жағдайында жаңа принциптерді құру және енгізу кезінде, оның ішінде салық салуды қоса алғанда, үкімет алдында шешілетін сұрақтар тұрды. Соның ішінде экономикалық, әлеуметтік және басқа да мәселелерді шешу үшін қажетті қаржы көлемімен мемлекетті толық қамтамасыз ету барлық кезеңнің, бар халықтың басты мәселесі болып келеді. Бүгінгі жағдайда салықтық түсімдерді көбейту мәселесін салықтық бақылау жүргізу ісін жетілдіру арқылы шешуге болады. Салықтар мен бюджетке түсетін төлемдерді жинау жұмысын ұтымды ұйымдастырмай, барлық фискалдық органдар бірлесіп қызмет етпей, мемлекеттік қазынаны жүйелі түрде толтырып отыруға қол жеткізу қиын [1].

Салықтар өз қызметін жүзеге асыруда мемлекет экономикасына өз ықпалын тигізеді, яғни салықтық реттеу механизмы жүзеге асырылады.

Салықтық реттеудің ең басты мақсаты – өндірістің дамуына ықпал ету болып табылады, яғни өндірістің дұрыс әрі толық дамуын қамтамасыз ету. Салықтық реттеудің механизмдері тек қана өндірістің дамуын реттеп қана қоймайды. Сонымен қатар ақша және баға саясаты, шетелдік инвесторларды ынталандыру, шағын және кіші кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын жүзеге асырады. Макро деңгейде салықтық реттеу экономиканы реттеу болып табылса, ал микро деңгейде шаруашылық қызметті реттеу құралы болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей бүкіл дамыған мемлекеттердегі салықтық реттеу – несиелі-қаржылық реттеумен бірігіп отырып нарықтық экономиканы жүргізудің аса тиімді формасы болып табылады. Ол нарықтық қатынастардың қалыптасуы арқылы мемлекеттік экономикаға тигізетін әсерін реттеп отырады.

Жалпы барлық мемлекеттік мәселелерді шешу түптеп келгенде әрбір қазақстандықтың әлеуметтік жағдайының өсуі салық қызметі жұмысының сапалылығына тікелей байланысты. Сондықтан салық саясатын жүргізуде отандық тауар өндірушілерді мемлекет тарапынан қолдау және секторлардың жедел дамуына жағдай жасау, яғни мемлекет пен салық төлеушілердің талап тілегімен ортақтасуы қажет [2].

Бүгінгі нарықтық заманда салық жүйесі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, олай дейтін себебіміз дамыған экономикада салық жүйесін және олардың мемлекеттік бюджет кірістерінде алатын орнының маңызы ерекше болып табылады.

Бүгінгі күні салық жүйесінің төңірегінде елеулі проблемалар туып отыр. Ол негізінен салық түсімдерінің жергілікті және республикалық бюджетті қалыптастырудағы маңызын зерттеу және оның дамуына мейлінше үлес қосу диплом жұмысының тақырыбын таңдауға ең негізгі себеп болып табылады.

Салық қызметінің қағидалары мемлекеттік жалпы экономикалық бағдарламасына негізделеді және онымен тығыз байланысты болады. Экономикалық бағдарламаны әзірлеу ісі салық қызметінің алға қоятын талаптарын, оның принциптерін ескере отырып жүзеге асырылады. Өйткені, салық саясаты талаптарымен мен азаматтың салықтық міндеттемелерін атқару сатысында ғана қаржылық қатынастарға айналады. Салықтық қатынастардың қаржылық қатынастардан айрықшалануы салық саясаты бойынша мемлекеттің алдында тұрған міндеттемелерді талдау кезінде көрініс табады [4].

Салық қызметінің негізгі принциптерін конституциялық деңгейде бекіту қажеттілігі салықтардың мемлекет өмірінде атқаратын рөліне байланысты туындайды. Сондықтан да барлық мемлекеттерде, оның ішінде өзімізде де салықтарды төлеу азаматтардың конституциялық міндеттері болып табылады.

Салықтардың мемлекет өміріндегі атқаратын рөлінің екінші аспектісі мемлекеттің егемендігіне қатысты болады. Осыған байланысты мемлекет егемендігінің басты белгісі салық егемендігі деп айтсақ, оның дәлелдемесі ретінде салықтық реттеудің бірыңғай дүниежүзілік жүйесінің әлі күнге дейін жоқ екенін атап көрсетуге тиіспіз. Салық егемендігі жоғарыда айтып кеткеніміздей басқа мемлекеттер шектей және қол сұға алмайтын мемлекеттің салық салу жөніндегі құқығы. Мемлекеттің салық салу құзыретін шектеудің тағы бір қажеттілігі – мемлекет салықтық міндеттемелердің атқаруын бақылай отырып, коммерциялық құпияларды біліп, оларды өз пайдасына және төлеушіге жаңағы коммерциялық құпияны дұрыс сақтай алмаған жағдайда зиян-залал келтіруіне тосқауыл қою.

Салық жүйесінің құрамына мемлекетте алынатын барлық салықтар, салықтық қатынастар мен оларды реттейтін құқықтық нормалар, салық төлеушілер мен салық қызметі орындарының құқықтары мен міндеттері және тағы да басқа кіреді. Салықтарды қоғам өмірінің әртүрлі аяларын мемлекеттік реттеудің құралы ретінде қарайтын тұжырымдама бар. Салық қызметінің негізгі міндетерінде бірінші кезекте қандай да болмасын өндіріс, сала, аумақ және тағы басқаларды дамытуға жағдай жасау қарастырылады.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасы салық жүйесінің қалыптасуы және даму кезеңдері

Кезеңдер	Салық жүйесінің қалыптасуы және дамуы	Салықтық қатынастарды басқарудың стратегиясы және тактикасы	Орталық-тандыру дәрежесі	Әлеуметтік-экономикалық нәтижесі
Бірінші кезең 2005-2007 жж.	Салық жүйесі жаратылды, экономикадағы және салық қатынастарындағы ретсіздік элементтері реттелді және мемлекеттік бюджет табыс бөлімі бағыт бағдары қалыптастырылды.	Ағымдағы және мерзімді мәселелер шешімін бағдарлау	Төмен	Ретсіздік элементтері мен қайшылықтар ескеріліп, салық салу жүйесі жаратылды
Екінші кезең 2009-2011 жж.	Макроэкономикалық тұрақтылық және кәсіпорындарды ынталандыру жолымен бюджеттің табыс бөлімін максималдауға жету.	Қысқа- орта мерзімді мәселелерді шешу. Орта мерзімді мәселені бағдарлау.	Орташа	Макроэкономикалық ынталандыру экономикалық дамудың негізі болып қалады. Салық салу базасының қысқартылу тиімділігі.
Үшінші кезең 2014-2017 жж.	Салықтық реттеу ұйымдарының жаңа принциптеріне өту арқылы экономикалық дамуға жету, әлемдік салық тәжірибелерін ескеру және мемлекеттік бюджет табысын көбейту.	Орта мерзімді мәселелерді шешу және ұзақ мерзімді бағдарлама мақсаты, “Қазақстан 2030” стратегиясын қалыптастыру.	Жоғары	Экономикалық даму басталды. Тұрақтылық және салық салу базасы кеңейе басталды.
Төртінші кезең 2019 жылдан басталады	Әлеуметтік-экономика-лық бағдарламаларды қаржыландыруды кеңейтіруінің мақсатымен салық салу субъектілерін капиталдандырылған құнын өсіруін ынталандыру жолымен бюджеттің табысын максималдау	Орта және ұзақ мерзімді мәселелерді шешу. Әсіресе, стратегиялық мәселелерді шешуді бағдарлау.	Жоғары	Мемлекеттің және салық төлеушілердің мүдделерін теңестіре отырып экономикалық дамуды тұрақтандыру

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң (салық кодексі) және де Қазақстан Республикасының заңдары салық қызметі жұмысының құқықтық негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының салық қызметінің құрылымына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті аудандық, ауданаралық, қалалық салық комитеттері кіреді.

Әдебиеттер

1. «Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы». Салық Кодексі, 1 қаңтар 2018ж.
2. «Қазақстан Республикасының кодексіндегі негізгі жағдайларды түсіндіру туралы» жинақтама.
3. «Салықтық тексеру. нәтижелеріне шағым жасау тәртібі туралы» жинақтама.
4. Худяков А. И. «Налоговая система Казахстана». Алматы, – 2010 г. – 220-240 стр.
5. Сейдахметов С. «Налогообложение » Алматы, – 2016 г.
6. Оспанов М.Т. «Проблема совершенствования системы управления налогами в РК». Алматы, – «Познание Факел». – 2009 г. – 121-141 стр.

М.Б. Молдажанов, М.Б. Қалибанова
УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей қ.

ЭКОНОМИКА МОДЕРНИЗАЦИЯСЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстан мемлекеті өте ауқымды территорияға ие. Осыған байланысты республика аймақтары бойынша халық шаруашылығын территориялық ұйымдастыру мәселесі мен олардың арасындағы ұйымдық-экономикалық қатынастарды жетілдіру мәселелері туындайды. Экономиканы модернизациялау-бұл экономикалық қызмет түрі, басты мақсаты еліміздің экономикасын батыс елдерінің экономикасының деңгейіне жеткізу немесе асыру болып табылады. Шын мәнінде, модернизация процесі Қазақстан экономикасының барлық салаларының дағдарысты жеңіп, экономиканы жетілдіру жолына салу. Осы жайт менің магистрлік диссертациямның зерттеу өзектілігін айқындайды

2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында Қазақстанның Бірінші жаңғыруы 25 жыл бұрын болғанын айқындады.

Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда – Астананың салынуымен басталды. Еліміз экономикалық тұрғыдан артта қалған аймақтан шығып, әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірді.

Енді алға батыл қадам басып, Үшінші жаңғыруды бастау жолындамыз.

Бұл жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Ол Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізіледі.

Елбасы үшінші жаңғыруды бес негізгі басымдығын айқындады. Олар экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған.

Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы. Екінші кешенді міндет. Жаңа индустриялар құрумен қатар дәстүрлі базалық салаларды дамытуға керек. Бұл – өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, көлік пен логистика, құрылыс секторы және басқа салалар. Үшінші. Экономикалық өсімнің тұрақтылығы үшін елдің тау-кен металлургиясы мен мұнай-газ кешендері өзінің стратегиялық маңызын сақтауға тиіс. Төртінші. Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Бесінші. Жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды дамыту – маңызды басымдықтардың бірі [1].

Қазақстандық жолдың жаңа сатысы – бұл экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жаңа міндеттер. Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету арасындағы оңтайлы байланысты табу өмірлік маңызы бар болып табылады. Қазіргі заманда бұл әлеуметтік-экономикалық жаңарудың іргелі сұрағы. Бұл Қазақстанның жақын онжылдықта дамуының басты векторы.

Еліміздің экономикасын модернизация арқылы дамытудың негізгі жолдары мен бағыттарын зерттеу.

Бүгінгі күні «модернизация» термині экономиканың дағдарыстан кейінгі даму тақырыбындағы дискуссияларда өте жиі қолданылатын болды.

Экономикалық қарым-қатынастың дамуы аймақтық экономиканың ұлтаралық деңгейге көтерілуіне жағдай жасайды. Аймақтық экономика шеңберінде төмендегідей мәселелер зерттеледі:

- мемлекеттің аймақтық саясаты;
- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарын жасап, оны жүзеге асыру;

- аймақтың мамандануы мен жалпылама дамуының тиімділігі;
- экономикалық аудандастыру;
- аудандық жоспарлау; және басқадай өндіріштік күштердің орналасуы мен аймақтың жалпылама дамуына байланысты сұрақтар. Аймақтық экономика өндірісті орналастырудың экономикалық реттеуін, аймақтың дамуының экономикалық тиімділігін анықтайтын жолдарын зерттейді.

Қазақстанда экономиканы жаңғырту (модернизациялау) мен экономикада құрылымдық өзгерістер жүргізу «Қазақстан-2050» жаңа Стратегиясының қабылдануына байланысты теория мен қоғамдық тәжірибенің маңызды мәселесіне айналды. Себебі біріншіден, нарықтық реформалаудың алғашқы 20 жылдық кезеңінде жүргізілген іс-шаралар экономиканы тұрақтандыру, экономикалық өсуді қамтамасыз ету арқылы халықтың лайықты өмір сүру деңгейін, экономикалық қауіпсіздік пен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін орташа дамығын мемлекеттердің деңгейінде қалыптастыру бағытында жүргізілді. Осы кезеңде объективті себептермен инвестициялардың басым бөлігі қазба-кен өндірістерін дамытуға бағытталады. Бірақ өңдеу салаларының дамуыда ерекше серпін алды, өңдеу саласында көптеген жаңа өндірістер ашылды (солардың ішінде бұрың-соңды Қазақстанда болмаған). Дегенмен, әлі де болса өңдеу салаларының үлесі 50%-ке жеткен жоқ.

Екіншіден, Елбасы Н.Ә. Назарбаев әлемдік экономикалық дағдарыстарға байланысты және жаһандау процестерінен туындайтын қауіп-қатерлерді ескеріп, жаңа «Қазақстан-2050» Стратегиясынан туындайтын міндеттерді тұжырымдай отырып , экономикалық қауіпсіздікті нығайту және экономиканың әлемдік бәсекеге қабілеттілігін жоғарғы деңгейге көтеру үшін Үдемелі Инновациялық – Индустриялық Бағдарлама және кейінгі жылдары қабылданған ұзақ мерзімді бағдарламаларды жүзеге асыру барысында құрылымдық өзгерістер жасай отырып, жаңа технологиялық серпінге біртіндеп көшу, бүкіл экономика мен жекелеген өндірістерді терең әртараптандыру арқылы қосылған құны мол ақырғы өнім шығаратын өңдеу салаларын және энергия үнемдейтін өндіріс технологияларын басым дамыту міндеттерін шеңберлеп берді. Мұндай міндеттер объективті себептерден туындап отыр. Батыс елдерінде соңғы жылдары, өндірістен өркендеуі мен экономикалық өсу жоғары технологияларды серпінге нақты көше бастады.

Біздің елде қазіргі таңда құрылымдық жаңғыртулар шикізат пен энергия өндірістерінің үлестерінің салыстырмалы қысқарумен сипатталып отыр, Бірақ оны құрылымдық саясаттың басты бағыты деп түсінбеу керек. Шикізат және энергия өндірістерін күрт қысқартуға немесе оларды талқандауға болмайды, себебі ондай қалам экономиканың ұдайы өндірістік базасын тарылтады да, өндірістік байланыстарды ыдыратады. Қазіргі таңда ішкі және сыртқы сұрнымдарға бағытталған экономиканың секторларының жекелеген нарықтармен байланысын сипаттайтын құрылымдық көрсеткіштер алдыңғы шепте тұр. Яғни, жаңа технологияларды ендіре отырып, ескі технологиялардың әлеуетін толық қолдана отырып, тауарлардың экспортын потенциалды және нақты қамтамасыз ету мүмкіншіліктеріне, ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыратын импорт алмастырушы және басқа да бәсекеге қабілетті өнім өндіруге үлкен мән беріліп отыр. Сондықтан экономиканың шикізаттық бағыттылығы, төмен технологиялық және ресурстар сыйымдылығы мол өнім өндіру сипаты әлі толық жойылған жоқ, керісінше, басым болып отыр. Ол біршама ұзақ уақыт аралығында шешілетін мәселе.

Осыған байланысты, менің ойымша, орта мерзім аралығында Қазақстан экономикасын құрылымдық жаңғырту үш негіз құраушы стратегиялар арқылы жүзеге асырылуы тиісті:

- жоғары технологиялық ғылыми сыйымдылығы мол салалар мен өндірістерді дамыту, ең алдымен жоғары технологиялық өнімдер нарығын дамыту, зияткерлік меншікті шаруашылық айналысқа ендіру инвестицияларды инновациялық жобалармен байланыстыру;

– отандық өнімдердің баға бойынша артықшылықтарын қолдану негізінде тұтыну және инвестициялық тауарлары өндірістің бәсекеге қабілеттілігін дамыту;

– икемді салықтық және кедендік-тарифтік саясат жүргізу негізінде ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында энерго-шикізаттық өндірістердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Елбасының 2013 жылғы «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына қосылуы үшін өндіргіш күштерді трансформациялануына, өндірістердің жаңалануына, құқықтық базаны жетілдіруге, экономикада сапалы құрылымдық өзгерістер жүргізуге және капиталын дамытуға бағытталған ауқымды іс-шаралар жүргізілуі тиісті. Осының бәрі ұлттық экономиканың ерекшеліктері ескерілген экономикалық жаңғыртудың өзіндік үлгісінің қалыптасуы мен дамуын анықтайды.

Сараптамашылардың пікірі бойынша экономиканы модернизациялау құрылымдық өзгерістерді кешенді жүргізу және экономиканы «ақылды экономика» үлгісінде инновациялық қайта құру, ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және қызмет көрсету саласын пәрменді дамыту, өңдеу өнеркәсібін өнеркәсіптің басқа салаларынан озық дамыту негізінде жүргізілуі тиісті. Мұндай пікір Елбасының соңғы жылдары жалықпастан түсіндіріп жүрген ойларымен ұштасады. Елбасы өзінің өндірістік активтерін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес толықтай жаңғыртуы тиіс» деді [20]

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Астана, Ақорда, 14 желтоқсан 2012 ж.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі
4. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ
5. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі
6. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)
7. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы
8. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аймақтық даму Стратегиясы akorda.kz

ӘОЖ: 332.02

М.Б. Молдажанов, М.Ғ. Серікқалиева
УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЗІН – ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінде Республикамызда жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру біздің саяси бағытымыздың өзекті тұғырнамасына айналып, бұл орайда оны қайта құрудың әлемдік үлгілері мен үрдістерін саралау мен сараптау жұмыстары дәйектілікпен жүргізіліп отырғаны да тегін емес. Көптеген дамушы елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, жергілікті өзін-өзі басқарудың тұғырнамасын іске асыру кез келген құқықтық мемлекеттегі демократиялық режимнің қажетті құрылымы болып табылады. Өзінің институттарымен жергілікті өмірдің демократиялық ұйымының дерлік барлық жағын қамти отырып, жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттік биліктің көптеген қызметтерін орталықсыздандырудың ұтымды әдістерімен жергілікті өмірдің бүкіл мәселелері бойынша шешімдер қабылдауды аумақтық қоғамдастықтарға көшіруге мүмкіндік береді, осы арқылы азаматтардың белсенділігін көтермелейді және осы сияқты шешімдерге олардың нақты қатыстылығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан жегілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру сатысына қадам басты, сондықтан шетелдік тәжірибелерді талдау мен жинақтауға және солардың негізінде өз еліміздің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Мынаны атап өту қажет: жегілікті өзін-өзі басқарудың үлгілері арасындағы өзгешелік біртіндеп жойылып келеді, дәстүрлі үлгілерден ауысатын таңдаулы үлгілер мен өздерінің жаңалықтарын енгізетін әралуан жүйелер пайда болуда.

Қазақстанның да өз ерекшеліктері бар, оларды жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жүзеге асыру кезінде ескеру қажет. Зерттеу пәнінің актуалдығы. Қазақстан Республикасындағы экономикалық реформалардың басым бағыттарының бірі мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырылу және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың орталықсыздандырылуы мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуымен барлық экономикалық жүйенің қызмет етуі, елдің экономикалық жағдайы байланысты. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жыл сайынғы «Қазақстан – 2030» жолдауында: «Министерства ішіндегі орталықсыздандыру, орталықтан аймақтарға және мемлекеттен жеке секторларға орталықсыздандыру» қажеттігі жайында атап өткен [2]. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдары орын алған мемлекеттік басқаруды айрықша орталықсыздандыру өз міндетін атқарды деуге болады. Бірақ экономикалық тұрақтылыққа жетуге байланысты қазіргі кезде мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері белсенді қарастырылуда.

Республика кең аумаққа ие, осыған байланысты ел аймақтары әртүрлі экономикалық потенциалға ие, бұл олардағы табиғи байлықтардың орналасуымен, климат жағдайымен, тағы басқа да жағдайларға байланысты. Сонымен қатар, аймақтардың демографиялық, этикалық және тарихи ерекшеліктері бойынша бөлінеді.

Жоғарыда аталған мемлекеттік факторларды ескере отырып, орталықтандырылған стандарттар арқылы әсер ету механизмімен басқарыла отырып, барлық аймақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. Мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасындағы өкілеттілікті бөліп көрсету қажеттілігі осыған байланысты.

Бүгінгі күні жүргізіліп отырған мемлекеттік жергілікті басқару ауыл деңгейіндегі, әкімдер институты – жеткілікті тиімді емес, себебі олар жоғары тұрған әкімдер мен үкіметке тәуелділігі жоғары. Берілген басқару органдары дербес бюджетке ие емес, сондықтан экономикалық дербестікке ие болып табылмайды. Олардың басқарушыларын тағайындау жүйесі әкімдерінің «уақытшалық» психологиясын қалыптастырды, осыған байланысты олардың қызметтері негізінен экономикалық мақсаттылық пен халық қажеттіліктерін қанағаттандыру емес, жоғарғы тұрған органдардың тапсырмаларын орындауға бағытталған. Бұндай жағдайдан шығудың бір жолы болып жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғындар тікелей сайлау жолымен, сондай-ақ, адамдар жинақы тұратын аумақты қамтитын ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтардағы сайланбалы және басқа жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызмет тәртібін заңда көрсетілген шекте азаматтардың өздері белгілейді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі. Мемлекет олардың қызметін және олардың өкілеттілігінің шегін заңдылық деңгейінде тек жалпы шеңберде белгілейді. Басқа жағдайларда өзін-өзі басқару органдары мәселені дербес шешеді. Сондықтан жергілікті жерлерде мұндай органдардың құрылуы тек атауы бойынша ғана емес, бағыты, нысаны, қызмет тәртібі, кірістердің қосымша көздері, әкімдермен, мәслихаттармен өзара қатынас тәсілдері бойынша да әр түрлі болуы мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметі әрбір мемлекеттің өзінің ішкі ерекшеліктеріне қарай қалыптасады. Әлемде, негізінен, жергілікті өзін-өзі басқарудың англосаксондық француздық, кеңестік үлгілері қолданылады.

Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда, жергілікті өзін-өзі басқару сферасындағы қайта құрулар ең алдымен, демократия принциптеріне сәйкес келетін, әлемде территориялды қоғамдастықтарды дамытудың бірден-бір жолы ретінде мойындалған, адамдардың жақсы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін тиімді аймақтық экономика құру қажеттілігіне бағытталған. Жергілікті басқару – жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік істердің маңызды бөліктерін регламенттеу мүмкіндігі және олардың заң шегінде өз жауапкершілігі мен халық мүддесі үшін басқару. Өзін-өзі басқару – бұл қандай да бір қоғамдық ұйымның автономдық қызмет етуі, бұл берілген ұйымның мүшелері қабылдаған нормлары мен шешімдерімен қамтамасыз етіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару мемлекетте 3 негізгі мақсатты орындау үшін қызмет етеді: мемлекеттік басқаруда орталықсыздандыруды қамтамасыз ету; жергілікті мәнге ие мәселелерді шешудегі демократиялық бағдарларын дамыту және жергілікті істерді жүргізуде тиімділігін жоғарылату. Осыған сәйкес жергілікті басқаруды елдің конституциялық құрылымының негізі, халықтың жергілікті мәнге ие сұрақтарды шешуге қатысу хұқы және халық билігінің формасы деп анықтауға болады.

Жоғарыда айтқандарды ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқару – бұл азаматтардың жергілікті мәнге ие мәселелерді шешу үшін өздігінен территориялды ұйымдасуы және бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігі мен тәуелсіздігі, қоғамның пікірінің жариялылық пен есептілігі, заңдылығы, жергілікті және мемлекеттік мүдделер сәйкестігі негізінде жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару – жергілікті істерді сол ортада тұратын адамдардың өздерінің шешу құқығы. Бұл конституциялық құрылымның негізгі бөлігінің бірі болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару теориясына келетін болсақ, бұл мәселеге ең алғаш назар аударғандардың бірі француздық мемлекеттік қызметкер, тарихшы және литератор А.Токвиль болды. Өзінің «Америкадағы Демократия» деген еңбегінде ол: «Қоғамдық институттардың тәуелсіздікті қалыптастыру үшін ойнайтын ролі ғылым үшін мектептің болуы сияқты роль ойнайды. Олар халықтың тәуелсіздікке деген жолын ашады және осы дербестікті пайдалануға үйретеді. Қоғамдық институттарсыз ұлт еркін үкімет құруы мүмкін, бірақ та нақты еркіндіктің рухын сезіне алмайды» деп жазған болатын.

Жергілікті өзін-өзі басқару теорияларын қалыптастыруға герман заң мектебі үлкен үлес қосты.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Астана, Ақорда, 14 желтоқсан 2012 ж.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі.
4. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі.
5. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2014 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы.

Б.С. Корабаев

АО «Финансовая академия», г. Нур-Султан

АНАЛИЗ И ВЛИЯНИЕ РЫНКА ТРУДА НА УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев в своем выступлении «Казахстанский путь – 2050» [1] подчеркивал, что к 2050 году Республика Казахстан должна войти в число 30-ти стран мира имеющих развитую экономику. Особая роль для достижения этой цели отводится сельскому хозяйству.

В последнее время наметилась тенденция увеличения благосостояния в странах ЕС, России, Казахстана и в других государствах. Как следствие, соответственно увеличивается спрос на экологически чистую сельскохозяйственную продукцию. Республика Казахстан располагает большими потенциальными возможностями для обеспечения спроса на экологически чистые продукты питания. Президент подчеркнул, что требуется обеспечить значительный рост урожайности зерновых культур и рост продуктивности животных за счет использования новых технологий. Безусловно, для решения этих проблем потребуется большое количество современных высококвалифицированных специалистов. В таблице 1 представлена структура земельного фонда Республики Казахстан.

Таблица 1 – Земельный фонд Республики Казахстан в 2018 году (тыс. га)

Показатели	Общая площадь	В т.ч. пастбища	В т.ч. пашня	Прочие
Земли сельскохозяйственного назначения	93428,2	61123,3	24202,5	8102,4
В процентах	100	65,4	25,9	8,7

Видно, что Казахстан обладает достаточными площадями сельскохозяйственных угодий, чтобы существенно увеличить производство продукции растениеводства и животноводства. Географически Казахстан расположен в зоне рискованного земледелия. В целом, в стране не хватает воды для сельскохозяйственного производства, кроме того, почвенный состав, пригодный для сельскохозяйственного производства, неравномерно распределен по республике. Как следствие, области Казахстана имеют неравномерный уровень развития сельскохозяйственного производства.

В таблице 2 отражена неравномерная структура сельскохозяйственного производства в Республике Казахстан.

Таблица 2 – Структура валового выпуска сельскохозяйственной продукции в Республике Казахстан (в процентах)

Регионы (области)	Растениеводство	Животноводство
Акмолинская	12,9	5,8
Актюбинская	3,5	7,5
Алматинская	14,4	17,5
Атырауская	1,0	2,9
Жамбылская	4,8	6,0
Западно-Казахстанская	2,4	4,5
Карагандинская	4,8	7,4
Костанайская	12,5	6,1
Кызылординская	2,3	1,7
Мангистауская	0,1	0,6
Павлодарская	4,7	5,3
Северо-Казахстанская	14,7	6,8
Восточно-Казахстанская	9,0	15,9
Южно-Казахстанская	12,8	12,0

В настоящее время можно выделить следующие области, в которых достаточно высокий уровень сельскохозяйственного производства:

- в отрасли растениеводства (Акмолинская, Алматинская, Костанайская, Северо-Казахстанская, Южно-Казахстанская);
- в отрасли животноводства (Алматинская, Восточно-Казахстанская, Южно-Казахстанская).

Данная особенность, а также то, что Казахстан занимает огромную территорию со слабо развитой транспортной сетью, накладывает определенные требования к рынкам рабочей силы.

С 1 января 2015 года начал функционировать Евразийский союз. Для Казахстанских сельхозтоваропроизводителей особое внимание следует уделять повышению конкурентоспособности сельскохозяйственных предприятий. Поэтому необходимо разрабатывать стратегии устойчивого развития сельскохозяйственных предприятий на различные периоды времени (на текущий период, на средний период, на длительный период).

Введем следующие обозначения:

$z_i(t)$ – производство сельскохозяйственной продукции i -го вида в период времени t ;

где $i = 1, 2, \dots, n$ индекс, характеризующий вид сельскохозяйственной продукции;

$(K_1^{z_i(t)}, K_2^{z_i(t)}, \dots, K_m^{z_i(t)})$ набор необходимой сельскохозяйственной техники для производства сельскохозяйственной продукции i -го вида в период времени t .

$(L_1^{z_i(t)}, L_2^{z_i(t)}, \dots, L_m^{z_i(t)})$ необходимая рабочая сила способная работать на соответствующей сельскохозяйственной технике для производства сельскохозяйственной продукции i -го вида в период времени t .

$f_i(K_1^{z_i(t)}, K_2^{z_i(t)}, \dots, K_m^{z_i(t)}, L_1^{z_i(t)}, L_2^{z_i(t)}, \dots, L_m^{z_i(t)})$ производственная функция, которая аналитически описывает производство i -го вида сельскохозяйственной продукции в период времени t .

Тогда можно записать $z_i(t) = f_i(K_1^{z_i(t)}, K_2^{z_i(t)}, \dots, K_m^{z_i(t)}, L_1^{z_i(t)}, L_2^{z_i(t)}, \dots, L_m^{z_i(t)})$.

Данная аналитическая зависимость является основным элементом для разработки стратегий устойчивого развития сельскохозяйственных предприятий Республики Казахстан. Конкретный вид производственной функции можно установить на основании статистических данных для каждого региона Республики Казахстан.

Мы видим, что качественно и количественно необходимая рабочая сила существенно зависит от той техники, с помощью которой предполагается производить соответствующую сельскохозяйственную продукцию.

Поэтому рынки труда должны быть согласованными с рынками сельскохозяйственной техники.

Одним из требований повышения конкурентоспособности сельскохозяйственной продукции является низкая себестоимость сельскохозяйственной продукции, при сохранении потребительских свойств. Важнейшим фактором, обеспечивающим снижение себестоимости, является высокий уровень технического развития, что в свою очередь требует высокий уровень квалификации механизаторов, способных работать на современной сельскохозяйственной технике.

Ведущую роль для сельскохозяйственного производства в Республике Казахстан играют крупные города, расположенные на юге и севере страны (Алматы, Нур-Султан, Усть-Каменогорск, Семей, Костанай), в которых имеются крупные вузы по подготовке специалистов для сельскохозяйственного производства. Эти вузы формируют рынок труда для сельскохозяйственного производства. Именно на этих рынках труда можно найти специалистов, способных производить конкурентоспособную сельскохозяйственную продукцию, с использованием современной сельскохозяйственной техники и современными технологиями по производству сельскохозяйственной продукции.

Литература

1. Послание Президента Республики Казахстан – лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства, Астана, Аккорда, 14 декабря 2012 года.
2. Калиев Г.А. Аграрные проблемы на рубеже веков. – Алматы, – 2003.
3. Зинченко А.П. Сельскохозяйственная статистика с основами социально-экономической статистики – М.; Издательство МСХА, 2014.

МАЗМУНЫ

С.Қ. ҚҰРМАНБАЕВТЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА!

К ЮБИЛЕЮ С.К. КУРМАНБАЕВА!

Г.Қ. Искакова Аса қадірлі Сайпитин Құсметанұлы!.....	3
Т.Г. Строителева Дорогой коллега Сайпитин Кусметанович!.....	4
Б. Толысбаев Арқаның саңылағы, Өр Алтайдың кер маралы!.....	5

1 СЕКЦИЯ: АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

СЕКЦИЯ 1: СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ СЕЛА: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

А. Асанова ПРИОРИТЕТНОЕ РАЗВИТИЕ СЕЛЬХОЗПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА.....	8
Ж.С. Дюсембинова, Г.С. Жомартова, Д.С. Паницкая, А.С. Курманбаева, Т.С. Курманбаев КУРМАНБАЕВ САЙПИТИН КУСМЕТАНОВИЧ КАК ПЕДАГОГ, УЧЕНЫЙ И ПРОСТО ЧЕЛОВЕК.....	10
Ж.С. Дюсембинова, С.К. Курманбаев ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	13
Л.З. Паримбекова, М.М. Алибаева, Г.А. Орынбекова, С.Х.Тойкин УЧЕНЫЙ АГРОНОМ – ЭКОНОМИСТ КУРМАНБАЕВ С.К.....	16
Т.Г. Строителева ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ В СФЕРЕ ЭКОНОМИКИ.....	18

2 СЕКЦИЯ: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ DAҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

СЕКЦИЯ 2: ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ УРОЖАЙНОСТИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КУЛЬТУР

С.А. Акмаева, С.М. Сейлгазина РАЙОНИРОВАННЫЕ СОРТА КАРТОФЕЛЯ И ИХ ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЛЫВАНИЕ.....	23
А.А. Ахметова, С.Д. Жилкыбаева, С.А. Акмаева ДӘНДІ БҰРШАҚ DAҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨНІП ШЫҒУЫНА ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІГІНЕ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІ.....	26

Ш.Ш. Бекенова ВЛИЯНИЕ ИНСЕКТИЦИДОВ НА УРОЖАЙНОСТЬ В ПОСЕВАХ РАПСА В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ	28
D. Balabanova, R. Cholakova, A. Vassilev BIOSTIMULANTS AS ENHANCERS OF PLANT TOLERANCE TO ABIOTIC STRESS: AN OVERVIEW	31
Д.А. Дурникин, С.М. Сейлгазина ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БИОТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ УСТАНОВОК В БЕЗВИРУСНОМ СЕМЕНОВОДСТВЕ КАРТОФЕЛЯ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ	35
А.О. Досмағанбетова, С.М. Сейлгазина, К.Ю. Дербышев ХЛОРЕЛЛАНЫ ӨСІРУ БАРЫСЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІНЕ ӨСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫ АНЫҚТАУ	38
С.Д. Жилкыбаева, А.А. Ахметова ВЛИЯНИЕ РЕСУРСОБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ПРОДУКТИВНОСТЬ ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ	40
А.А. Закиева, С.Д.Жилкыбаева КАТАЛЬПА АҒАШЫН ТҰҚЫМНАН ӨСІРУ ТӘЖІРИБЕСІ	42
Б.Т. Кадырбеков, А.А. Ахметова ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ТЕХНОЛОГИИ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ НУТА НА ЗЕРНО	44
Г.О. Камзина, С.М. Сейлгазина, С.Е. Сулейменова, К.Ю. Дербышев УРОЖАЙНОСТЬ, ХИМИЧЕСКИЙ СОСТАВ ЖИТНЯКА ШИРОКОКОЛОСОГО В УСЛОВИЯХ СУХОСТЕПНОЙ ЗОНЫ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ	47
Б.А. Кентбаева, Е.Ж. Кентбаев, Е. Камзагали, Ж.М. Байгазакова БИОМОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РОСТА, РАЗВИТИЯ, АГРОТЕХНИКИ ВЫРАЩИВАНИЯ СЕЯНЦЕВ CORYLUS AVELLANA L.	51
Б.А. Кентбаева, Е.Ж. Кентбаев, Н.Н. Бессчетнова, Ж.М. Байгазакова ДОЛАНАНЫҢ ТҰҚЫМ ПАРАМЕТРЛЕРІ БОЙЫНША БИОМЕТРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ	54
Л.И. Колесникова, Б.У. Сулейменов, А.Т. Сейтменбетова, Н.С. Асимжанов, К.К. Мусаева, З.А. Зарип АГРОХИМИЧЕСКАЯ СЪЕМКА ПОЧВ ДЛЯ ВНЕДРЕНИЯ МЕТОДА ТОЧНОГО ЗЕМЛЕДЕЛИЯ	57
А.Б. Муканова, С.М. Сейлгазина, К.Ю. Дербышев, С.А. Акмаева ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ӘДІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗАНАҚТЫҢ ӨНІМДІЛІГІ	64
Қ.К. Мұсаева, Г.А. Сулейманова, З.Б. Сапахова БИОЭКОГУМ ПРЕПАРАТЫНЫҢ КҮЗДІК БИДАЙДЫҢ ӨСП-ДАМУЫНА ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІГІНЕ ӨСЕРІ	67
Н.С. Мухамадиев, Г.Ж. Мендибаева ПЕРСПЕКТИВНЫЕ БИОЛОГИЧЕСКИЕ ПРЕПАРАТЫ ДЛЯ ЗАЩИТЫ РАСТЕНИЙ В ОРГАНИЧЕСКОМ ЗЕМЛЕДЕЛИИ	72
Н.С. Мухамадиев., Г.Ж. Мендибаева, Н. Кенес, Н. Бактиярова МОНИТИРИНГ ДУБОВОГО МИНИРУЮЩЕГО ПИЛИЛЫЩИКА (PROFENUSA PYGMAEA) В ЗЕЛЕННЫХ НАСАЖДЕНИЯХ	73
О.Т. Мухаметжанова, Р.М. Ибраева ҚЫЗАНАҚТЫ ЖАБЫҚ ЖӘНЕ АШЫҚ ГРУНТТА ӨСІРУ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	76
А.Т. Сарбаев, А.А. Ыдырыс ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА ЗАЩИТЫ ПОЛЕВЫХ КУЛЬТУР ОТ ВРЕДНЫХ ОРГАНИЗМОВ: СЕЛЕКЦИОННЫЕ И КАРАНТИННЫЕ АСПЕКТЫ	79

А.М. Чадинова, Б.Б. Нурманов НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ И ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ МЕРЫ ЗАЩИТЫ ПРОТИВ ЮЖНОАМЕРИКАНСКОЙ ТОМАТНОЙ МОЛИ (<i>TUTA ABSOLUTA</i>) В ПОСЕВАХ ТОМАТОВ ЗАЩИЩЕННОГО ГРУНТА.....	82
---	----

А.Т. Сарбаев, А.К. Есеркенов, Г.И. Джаманова АДАПТИРОВАННЫЕ БЛОКИ ЗАЩИТНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ В РЕСУРСОСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЯХ.....	85
---	----

3 СЕКЦИЯ: МАЛ АЗЫҒЫН ӨНДІРУ МЕН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАҒАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЕКЦИЯ 3: ПРОБЛЕМЫ ПРОИЗВОДСТВА И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОРМОВ

Д.А. Абдрахманова ИССЛЕДОВАНИЕ МЯСА ПЕРЕПЕЛОК НА НАЛИЧИЕ ТЯЖЕЛЫХ МЕТАЛЛОВ И ПЕСТИЦИДОВ ПРИ ДОБАВЛЕНИИ В ИХ РАЦИОН МИНЕРАЛЬНОЙ КОРМОВОЙ ДОБАВКИ.....	88
--	----

О.Д. Игликов, К.Х. Нуржанова, К.В. Вардугин, М.Т. Каменов ПРИМЕНЕНИЕ ЗЕЛЕННОГО ГИДРОПОННОГО КОРМА В КОРМЛЕНИИ ДОЙНЫХ КОРОВ.....	91
---	----

С.М. Сейлгази́на, С.К. Курманбаев ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ КОРМОВЫХ КУЛЬТУР.....	93
---	----

4 СЕКЦИЯ: ЖАНУАРЛАРДЫҒ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҒ СЕЛЕКЦИЯ – ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

СЕКЦИЯ 4: СЕЛЕКЦИОННО-ГЕНЕТИЧЕСКИЕ ПРИЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ ПРОДУКТИВНОСТИ ЖИВОТНЫХ

А.Ю. Жанадилов, Ж.З. Корабаев, Ф.С. Насыров ПРОДОВОЛЬСТВЕННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ЖИВОТНОВОДСТВА КАЗАХСТАНА.....	97
---	----

Ж.З. Корабаев, А.Ю. Жанадилов, Ө.С. Султанов, Ф.С. Насыров, Р.М. Ибраева СЕЛЕКЦИОННО-ПЛЕМЕННАЯ РАБОТА И ТЕХНОЛОГИЯ МЯСНОГО СКОТОВОДСТВА В УСЛОВИЯХ КРЕСТЬЯНСКОГО ХОЗЯЙСТВА «БАГРАТИОН-2».....	101
--	-----

Л.С. Құрманғали, Б.С. Ахметова, К.Х. Нуржанова, Р.М. Ибраева ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ «МУКИНОВ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҚАЗАҚЫ ЖЫЛҚЫ ТҰҚЫМДАРЫНЫҒ ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	105
--	-----

Л.Б. Мұқанова, Ю.А. Юлдашбаев ҚАЗАҚТЫҒ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМДАРЫНЫҒ ӨНІМДІЛІГІ.....	107
---	-----

К.Х. Нуржанова, Ж.М. Нуржуманова, М.Б. Ребезов БУДАН ТӨЛДЕРДІҒ (ҚАЗАҚТЫҒ АҚБАС x АБЕРДИН-АНГУС) ӨСПІ-ЖЕТІЛУІ.....	110
---	-----

К.Х. Нуржанова, К.К. Хисамутдинова ӘР ТҮРЛІ КОНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ӨНІМДІЛІК ТИПТЕГІ ҚАЗАҚТЫҒ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЗЫЛАРЫНЫҒ ӨСУІ ЖӘНЕ ДАМУЫ.....	115
--	-----

К.Р. Сагиева, Ф.С. Насыров, А.Т. Тулеубекова «КАТОН-ҚАРАҒАЙ» МАРАЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ «АЛАТАУ МАРАЛЫ» ЖШС МАРАЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА МЕКЕН ЕТЕТІН МАРАЛДАРДЫҢ КӘСІПТІК МАҢЫЗЫ.....	118
О.С. Султанов, Ж.З. Корабаев БЕРЕЛЬСКИЕ КУРГАНЫ – ДРЕВНЕЙШИЙ ЦЕНТР ДОМСТИКАЦИИ ЛОШАДЕЙ.....	121
Б.Ж. Кожебаев, Н. Омарқожаұлы, А.М. Нусупов, А.Ж. Исмаилова НЕТРАДИЦИОННЫЕ МИНЕРАЛЬНЫЕ ПОДКОРМКИ В КОРМЛЕНИИ МОЛОДНЯКА КРС.....	125
А.М. Нусупов, Б.Ж. Кожебаев, О.В. Горелик, Д.Н. Жакашева ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕРТІС ТИПТІ СИММЕНТАЛ СИБІРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БУДАНДАРЫНЫҢ ӨНІМБЕРГІШТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	128

5 СЕКЦИЯ: ЕТ, СҮТ, БАЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

5 СЕКЦИЯ: СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ МЯСНЫХ, МОЛОЧНЫХ, РЫБНЫХ ПРОДУКТОВ

И.Б. Ибраимова, У.Е. Асанова, С.С. Далбина, П.К. Ахмышова ЗАЙСАН КӨЛІНДЕГІ БАЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	131
А.Т. Қабденова, А.Д. Жолжаксина, Г.Ш. Бейсембаева, М.Ғ. Смагулова САРДЕЛЬКАЛАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ.....	134
Н.Б. Касенова, Д.А. Сулейменова, Н.Н. Нурмуханбетова, З.Ш. Тлеуова, Ж.З. Каирнасова ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СОСТАВА МЯСНЫХ КОНСЕРВОВ.....	138

6 СЕКЦИЯ: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

СЕКЦИЯ 6: ПОВЫШЕНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ж.С. Дюсембинова¹, С.К. Курманбаев² ПРИНЦИПЫ И МЕТОДЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ОПТИМАЛЬНЫХ РАЗМЕРОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ.....	143
Р.Р. Мустакимов О СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ЗОН В РАЗВИТИИ РЕГИОНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	148
Б.Ж. Найманова, А.М. Чадинова РЕЗУЛЬТАТЫ УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ РАЗВЕДЕНИЯ ХИЩНОГО КЛОПА (<i>ORIU LAEVIGATUS</i>) ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ В БИОЛОГИЧЕСКОЙ ЗАЩИТЕ ТЕПЛИЧНЫХ КУЛЬТУР ПРОТИВ ВРЕДИТЕЛЕЙ.....	153
Р.К. Рамазанов, С.М. Сейлгазинова, К.Ю. Дербышев, С.А. Ақмаева СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҢЫШҚА ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ.....	155
Т.Р. Сайфуллин ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО КАК НЕОБХОДИМОСТЬ.....	157

Е.С. Сансызбай, З.М. Турдиева БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КЕЗДЕСЕТІН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	160
М.Б. Молдажанов, Д.Е. Қульситова ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОНЦЕПЦИИ МОТИВАЦИОННО- ИННОВАЦИОННОГО УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИИМАТЕЛЬСКИМИ СТРУКТУРАМИ.....	163
А.А. Аманбаева, Ә.Е. Ерназарова ҚАЗІРГІ ШАРТТАРДА КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ БАҒАЛАУ.....	167
М.Б. Молдажанов, Р.З. Кажыбаев САЛЫҚТАР: ОЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	169
М.Б. Молдажанов, М.Б. Қалибанова ЭКОНОМИКА МОДЕРНИЗАЦИЯСЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	172
М.Б. Молдажанов, М.Ғ. Серікқалиева ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЗІН – ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	174
Б.С. Корабаев АНАЛИЗ И ВЛИЯНИЕ РЫНКА ТРУДА НА УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	177

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі
ҚҰРМАНБАЕВ САЙПИТИН ҚҰСМЕТАНҰЛЫНЫҢ 80 жылдығына арналған
«АУМАҚТАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международная научно-практическая конференция
**«СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РЕГИОНА В УСЛОВИЯХ
ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ТЕРРИТОРИЙ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ»**,
посвященной 80-летию юбилею доктора сельскохозяйственных наук, профессора, академика Казахской академии сельскохозяйственных наук, академика Российской академии естествознания
КУРМАНБАЕВА САЙПИТИН КУСМЕТАНОВИЧА

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы
Университеті» КеАҚ баспаханасында басылған
Көлемі 11,56 б.т. Формат 60x84
Семей қаласы. Глинка 20 «А»

Отпечатано в типографии
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»
Объем 11,56 п.л. Формат 60x84
г. Семей, ул. Глинка, 20 «А»